

"ҚАЗАҚСТАН ҚОР БИРЖАСЫ" АҚ

"Қазақстан қор биржасы" АҚ
Директорлар кеңесінің шешімімен
(2018 жылдың 07 қыркүйегіндегі №26
отырыс хаттамасы)

бекітілді

2018 жылдың 01 қазанынан бастап
қолданысқа енгізілді

Банктік операцияларды жүргізу ЕРЕЖЕЛЕРІ

Алматы қаласы

2018 жыл

ТҮЗЕТУЛЕР ПАРАҒЫ

1. № 1 - қосымша:

- "Қазақстан қор биржасы" АҚ Директорлар кеңесінің шешімімен (2018 жылдың 12 желтоқсанындағы №37 отырыс хаттамасы) бекітілді;
- 2018 жылдың 12 желтоқсанынан бастап қолданысқа енгізілді.

2. № 2 - толықтырулар мен өзгертулер:

- "Қазақстан қор биржасы" АҚ Директорлар кеңесінің шешімімен (2019 жылдың 04 қазанындағы № 47 отырыс хаттамасы) бекітілді;
- 2019 жылдың 03 желтоқсанынан бастап қолданысқа енгізілді.

3. № 3 - өзгертулер:

- "Қазақстан қор биржасы" АҚ Директорлар кеңесінің шешімімен (2020 жылдың 11 қарашасындағы № 39 отырыс хаттамасы) бекітілді;
- 2020 жылдың 15 қарашасынан бастап қолданысқа енгізілді.

Осы Ереже Қазақстан Республикасының заңдарына және "Қазақстан қор биржасы" АҚ (әрі қарай – Биржа) жарғысына сәйкес әзірленген және Биржаның банктік операцияларын жүргізу тәртібі мен шарттарын анықтайды.

1 - бөлім. Жалпы ережелер

1 - бап . Осы Ережелерде қолданылатын түсініктер мен терминдер

1. Осы Ережелерде келесі түсініктер мен терминдер қолданылады:
 - 1) банк-корреспондент – банк, Биржаның корреспонденттік шоты ашылған банк;
 - 2) клиент – Биржа мүшесі;
 - 3) Ұлттық банк – "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі";
 - 4) төлем құжаты – қағаз тасымалдауышта жасалған немесе электронды түрде құрастырылған құжат, сол құжат негізінде немесе соның көмегімен төлем және (немесе) ақша аударымы жүзеге асырылады;
 - 5) төлем жүйесі – төлем жүйесі операторы және (немесе) төлем жүйесі қатысушылары арқылы осы төлем жүйесі операторлары белгілеген процедуралар, инфрақұрылымдар мен ережелер арқылы төлем жүргізуді және (немесе) ақша аударуды қамтамасыз етуші қарым-қатынастардың жиынтығы;
2. Осы ережелерде қолданылатын өзге де түсініктер Биржаның ішкі құжаттары "Мүшелік туралы Қағида" және "Қаржы құралдарымен мәмілелер бойынша клирингілік қызметті жүзеге асыру Ережесіне", сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңдарындағы ішкі құжаттарында қолданылатын түсініктерге ұқсас болып келеді.

2 - бап. Биржаның банктік операциялары туралы жалпы ережелері

1. Осы Ереже Ұлттық Банктің жекелеген банктік операцияларын жүргізуге лицензияға (лицензиялар) иелік етуші банктік емес ұйым ретінде Биржаның банктік операцияларын жүргізу тәртібі мен шарттарын анықтайды. Осы Ереженің іс-әрекеті Биржаның қызметіне шаруашылық етуші субъектісіне таратылмайды.
2. Биржа банктік операцияларды жүргізуге Ұлттық Банктің қолданыстағы лицензиясы (қолданыстағы лицензиялары) бар тек қана банктік операцияларды жүзеге асырмайды.
3. Биржа банктік операцияларды жүргізуде мыналарды басшылыққа алады:
 - 1) Қазақстан Республикасының банк қызметі туралы, төлемдер және төлем жүйелері туралы, валюталық реттеу және валюталық бақылау туралы, сондай-ақ қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы заңдармен;
 - 2) Осы Ережелермен және Биржаның өзге де ішкі құжаттарымен.
4. Егер, осы Ережелердің жекелеген нормасы Қазақстан Республикасының заңдарына қарама-қайшы келетін болса, Қазақстан Республикасының заң нормаларын қолданылады.

Қазақстан Республикасының заңнамасына өзгертулер мен толықтырулар енгізілген жағдайда, Ұлттық Банктің және өзге де мемлекеттік органдардың қолданыстағы нормативтік құқықтық актілері, олардың кейбіреуін жарамсыз деп тану, банктік қызметті реттейтін басқа да нормативтік-құқықтық

актілерді қабылдау, Биржа Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасын басшылыққа алады және банктік операцияларды жүргізу шарты мен тәртібін реттейтін өзге де ішкі құжаттарға және осы Ережелерге қажетті өзгертулер енгізеді.

5. Қазақстан Республикасының заңнамасымен реттелмеген бөлігінде Биржаның банктік операциялары, егер олар Қазақстан Республикасының аумағындағы қолданыстағы заңнамаға қайшы келмесе, оның ішкі құжаттарына, жасалған шарттарға (қосылу шарттарына қоса) және іскери-әдет ғұрыптарға сәйкес жүзеге асырылады.
6. Биржаның қызмет көрсететін банк ұйымымен өзара әрекеттесуі және осы Ережелер қызмет көрсететін банк ұйымы жұмыс істейтін елдің заңнамасына қайшы келген жағдайда, сол елдің заңнамасының нормалары қолданылады.
7. Биржаның қызмет көрсетуші банктік ұйымдармен өзара әрекеттесуі және осы Ережелер қызмет көрсететін банк ұйымы жұмыс істейтін елдің заңнамасына қайшы келген жағдайда, осы ұйымның ережелері қолданылады.
8. Америка Құрама Штаттарының "Шет елдік қаржы ұйымдарының салықтық бақылау туралы" (The Foreign Account Tax Compliance, әрі қарай — FATCA) заң талаптарына сәйкес, Биржа FATCA белгілеген талаптар мен сакциялар таратылатын қаржылық ұйым болып табылады.

Согласно требованиям FATCA, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заң талаптарына және Қазақстан Республикасының халықаралық ратификацияланған келісімдері/келісім-шарттарына сәйкес, Америка Құрама Штаттарының салық төлеушілеріне қатысты клиенттердің қарым-қатынасын анықтау мақсатында, Биржа клиенттердің сәйкестендіру процедурасын жүзеге асырады.

9. Биржа өзінің мүшесі болып табылатын тек қана заңды тұлғаларға және (немесе) клирингілік қатысушыларға, сондай-ақ клирингілік ұйым қызметін және (немесе) орталық контрагент қызметін орындау кезінде Биржаның өзіне банктік операцияларды жүргізу бойынша қызмет көрсетеді.

Биржа, осы тармақтың бірінші абзацында көрсетілгеннен басқа заңды тұлғаларға, жеке тұлғаларға, соның ішінде Биржа мүшелерінің клиенттеріне банктік операциялар жүргізу бойынша қызмет көрсетпейді.

10. Биржа банктік операциялар жүргізу кезінде орындау және оны рәсімдеу тәртібі Биржа Басқармасы бекіткен, Биржаның ішкі жеке құжатымен анықталады.
11. Биржа банктік операциялар жүргізу кезінде ұйымдастыру шараларын белгілейді, сондай-ақ ақпараттық жүйені және Ұлттық Банктің нормативтік құқықтық актілеріне қолданылатын тиісті талаптарға сәйкес аппараттық құралдарды пайдаланады.
12. Биржаның барлық банктік операциялары тек қана қолма-қол ақшасыз жүргізіледі.

4 - бап.

Ақпарат ашу

1. Биржаның клиенттеріне қаржылық жағдайына және Биржаның ағымдық жағдайына клиенттердің тәуекеліне бақылау жасау және оны төмендету үшін талдау жасауға мүмкіндігін беру мақсатында, Биржа өзінің интернет-сайтында төмендегілерді жариялайды:
 - 1) тоқсандық қаржылық есептілік (уәкілетті органға ұсынылатын екі негізгі нысан бойынша);
 - 2) Биржаның қаржылық есептілігі бойынша жылдық аудиторлық есебі;

- 3) Биржаның қызметі туралы өзге ақпарат.
2. Осы баптың 1 тармағында көрсетілген ақпарат Биржаның ішкі құжаты "Биржалық ақпаратты тарату ережелеріне" сәйкес жарияланады.
3. Осы Ереже, сондай-ақ Биржаның банктік қызметі үшін комиссиялық алымдар (мөлшерлемесі мен тарифтері) туралы ақпараттар, егер ондай Биржаның жекелеген банктік операцияларына қолданылатын болса, Биржаның интернет-сайтында Биржаның ішкі құжаты "Биржалық ақпаратты тарату ережелеріне" сәйкес жарияланады.

5 - бап. Биржа жүзеге асыратын банктік операциялар

1. Биржа келесі банктік операциялар түрлерін жүзеге асырады:
 - 1) ақша аудару операциялары: осы Ереженің 2 - бөліміне сәйкес Биржаның клиенттерінің тапсырмаларын орындау;
 - 2) осы Ереженің 3 - бөліміне сәйкес қолма-қол ақшасыз шет елдік валютамен айырбастау операциялары;
 - 3) осы Ереженің 4 - бөліміне сәйкес Биржа клиенттерінің банктік және корреспонденттік шоттарын ашу және жүргізу.
2. Биржа банктік операцияларды биржалық нарықта операцияларға Биржаның ішкі құжаты "Қазақстан қор биржасы" АҚ сауда-саттық жүйесінде айналымға жіберуге рұқсат етілген, қаржы құралдарының тізімінің құрылымы туралы Қағидада" анықталғандай, қызмет көрсету мақсатында ғана жүргізеді.
3. Биржа біріктіру келісім-шарты болып табылатын және ашық оферта формасы бар, тиісті келісім-шарттар негізінде клиенттер үшін банктік операцияларды (банктік қызмет көрсетеді) жүзеге асырады:
 - 1) осы Ережелердің 1 - қосымшасы болып табылатын келісім-шарт негізіндегі аударым операциялары;
 - 2) осы Ережелердің 2 - қосымшасы болып табылатын келісім-шарт негізінде қолма-қол ақшасыз айырбастау операциялары;
 - 3) осы Ережелердің 3 және 4 - қосымшасы болып табылатын келісім-шарттардың негізінде Биржаның клиенттерінің банктік және корреспонденттік шоттарын ашу және жүргізу.

2 - бөлім. Аударым операциялары

6 - бап. Аударым операцияларын жүргізу кезіндегі шоттар

1. Аударым операцияларын жүргізу кезіндегі Биржа:
 - 1) Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінде, шет елдік банктерде, екінші деңгейдегі банктерде, "Бағалы қағаздардың орталық депозитарийі" АҚ *(аталмыш тармағы Биржаның Директорлар кеңесінің 2019 жылдың 04 қазанындағы шешімімен өзгертілді)*;
 - 2) Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінде, шет елдік банктерде немесе қолданыстағы заңға сәйкес Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінде, "Бағалы қағаздардың орталық депозитарийі" АҚ корреспонденттік шотын ашуға және жүргізуге құқығы бар, өзге шет елдік ұйымдарда ашылған Биржаның клиенттерінің корреспонденттік шоттары;
 - 3) Биржаның Ұлттық Банкінде, Қазақстан Республикасының екінші

деңгейдегі банктерінде, "Бағалы қағаздардың орталық депозитарийі" АҚ корреспонденттік шотын ашуға және жүргізуге құқығы бар шет елдік банктерде немесе өзге шет елдік ұйымдарда ашылған Биржаның клиенттерінің банктік ағымдық шоттары;

- 4) Биржада ашылған клиенттердің банктік және (немесе) корреспонденттік шоттары.
2. Осы баптың 1 тармағындағы 1) және 3) тармақшаларда көрсетілген, аударым операцияларын жүргізу кезінде пайдалануы тиіс Биржаның ағымдық және (немесе) корреспонденттік шоттарының деректемелері Биржаға клиенттің аударым операцияларын жүргізгенге дейін, Биржада есептеу, сауда-саттық немесе клиринг жүргізуді реттейтін, Биржаның ішкі құжаттарымен белгіленген тәртіппен Биржаға ұсынылады.
3. Биржа клиенттердің Биржада ашылған банктік ағымдағы және (немесе) корреспонденттік шоттарын пайдалана отырып, аударым операцияларын Биржаның "Биржалық қызметті жүргізу ережелері" ішкі құжатына сәйкес биржа есеп айырысу ұйымы болып табылатын нарықтарға ғана жүзеге асырады, бірақ Биржада сонымен қатар, "Қаржы құралдарымен операцияларды клирингілеу ережелері" ішкі құжатына сәйкес оны нарықтарда орталық контрагент ретінде әрекет епейді. Сонымен қатар, аударым операциялары осы Ереженің 4 бөліміне сәйкес жүзеге асырылады.
4. Биржа осы баптың 3 тармағында көрсетілген ережелерге сәйкес, есеп айырысу ұйымы болып табылмайтын немесе есеп айырысу ұйымы болып табылатын және орталық контрагенттің қызметін атқаратын нарықтарда аударым операцияларын осы баптың 1 тармағындағы 2) және 3) тармақшаларда көрсетілген банктік ағымдағы және (немесе) корреспонденттік шоттарын пайдалана отырып, жүзеге асырады. Мұндай аударым операциялары осы бөлімнің 7 және 8 баптарына сәйкес жүзеге асырылады.

7 - бап. Аударым операцияларын жүргізу тәртібі

1. Биржа аударым операцияларын:
 - 1) Биржаның клиенттерінен корреспонденттік шоттарынан түсетін ақшаны алу;
 - 2) банк-корреспонденттерге осы Ереженің 6 бабы 2) және 3) тармақшаларында көрсетілген корреспонденттік шоттардан Биржа клиенттерінің пайдасына олардың шоттарына ақшаны есептен шығаруды жүргізеді.
2. Биржаның корреспонденттік шоттарына клиенттерден ақша түсімі және одан ақша аудару Биржаның ішкі есепке алу жүйесінде әрбір операция бойынша көрінеді. Ол үшін Биржаның ақпараттық жүйесінде Биржаның әрбір клиенті үшін ақшаны ішкі есепке алу шотын ашады.
3. Биржаның корреспонденттік шотында орналасқан, клиенттердің ақшаны ішкі есепке алу шотын ашу, жүргізу және жабу тәртібі, сондай-ақ ішкі есепке алу шоттары бойынша ақшаны есептен шығару және есепке алу Биржа Басқармасы бекіткен, Биржаның ішкі құжатымен белгіленеді.
4. Клиенттерден ішкі есепке алу шоттарына түскен ақшаны есепке алу негіздемесі Биржаның банк-корреспонденттерінен түсетін Биржаның корреспонденттік шоттары бойынша үзінді жазбалар, сондай-ақ Биржаның ішкі банк-корреспонденттерінен түсетін төлем құжаттары болып табылады.

Клиенттерден алынған төлем құжаттары, ондай құжаттардың көшірмелері, немесе Биржаның корреспонденттік шоттарына ақша аудару туралы куәлік етуші өзге құжаттар клиенттерден ішкі есепке алу шоттарына ақша түскенін

есепке алу үшін негіздеме болып табылмайды.

5. Биржаның корреспонденттік шотынан клиенттің пайдасына банк-корреспондентке қаржыны есептен шығаруға және клиенттің ішкі есепке алу шотынан ақшаны есептен шығаруды есепке алуға тапсырмаға келесі құжаттардың кез-келгені беруге негіз болып:
 - 1) қаржы құралдары бойынша биржалық сауда-саттық барысында қорытынды жасаған құжат болып табылатын биржалық куәлігі болып табылады;
 - 2) клирингтік ұйымның, оның ішінде Биржаның клирингтік ұйым ретіндегі Биржаның клирингтік қатысушылары болып табылатын клиенттердің нетто-талаптарының мәнін көрсете отырып, клирингтік нәтижелері туралы есебі;
 - 3) клиенттің ақша аударуға немесе қайтаруға өтінімі.
6. Биржалық нарықта сауда-саттық бойынша есептеулер жүргізу кезінде аударым операциялары осы Ережелерге сәйкес жүргізіледі, сондай-ақ тиісті биржалық нарықтағы сауда-саттық бойынша есептеулер жүргізуді реттейтін Биржаның ішкі құжаттарына сәйкес жүргізіледі *(осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2019 жылдың 04 қазанындағы шешімімен өзгертілді)*.

8 - бап. Аударым операцияларын жүргізу кезіндегі шектеулер

1. Биржада қаржы құралдарымен жасалған мәмілелер бойынша есеп айырысулар бойынша клиент өз міндеттемелерін орындамаған жағдайда, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңдарында қарастырылған жағдайда, соның ішінде қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл саласында, Биржаның ішкі құжаттарына сәйкес биржалық сауда-саттық есеп айырысулары бойынша клиент өзге де міндеттемелерін орындамаған жағдайда, аударым операцияларын клиенттің пайдасына қарай тоқтатуға немесе уақытша тоқтатуға құқылы.
2. Биржа, Қазақстан Республикасының заңдарымен белгіленген жағдайлардан басқа жағдайларда, Биржаның клиенті болып табылмайтын, үшінші тұлғалардың пайдасына ақша аудармайды.
3. Клиенттің заңды тұлға ретінде жұмысын тоқтатқан жағдайда, Биржа клиенттің заңды мұрагері болып табылатын адамға тиесілі ақшаны аударымады.

3 - бөлім. Айырбастау операциялары

9 - бап. Қолма-қол емес шет елдік валютамен айырбастау операцияларын жүзеге асыру

1. Биржа, Биржаның валюталық нарығында тек қана клирингтік қызмет аясында қолма қол емес шет елдік валютамен айырбастау операцияларын жүзеге асырады.
2. Биржа, валюталық нарығында орталық контрагент қызметін орындай отырып, осы нарықта жасалған әрбір мәміле бойынша, әрбір сатып алушы үшін сатушы және әрбір сатушы үшін сатып алушы бола тұрып, контрагент болып табылады.
3. позицияны ауыстыру немесе дефолтты реттеу процедураларын жүргізу кезінде, мұндай процедуралар клиринг Ережелерімен анықталғандықтан, Биржа қолма қол емес шет елдік валютамен айырбастау операцияларын

келесі жолдармен жүргізеді:

- 1) Биржаның өз атынан немесе клирингілік қатысушы атынан Биржаның сауда-саттық жүйесіне өтінім беруі және осындай өтінімдер негізінде мәміле жасау;
 - 2) Биржаға теңгемен немесе қандай да бір шет елдік валютамен өтімділігін ұсынушы банкпен келісім және/немесе мәміле жасауы;
 - 3) позицияны ауыстыру немесе дефолтты реттеу кезінде балансты мәміле жасау, әрбір мәміленің тараптары Биржа және клирингілік қатысушысы болып табылады.
4. Биржа жүргізетін айырбастау операцияларының тәртібі, шарттары мен ережеліктері Клирингілік Ережелермен белгіленеді.

4 - бөлім. Клиенттердің банктік шоттарды ашуы және жүргізуі

10 - бап. Банктік шоттар туралы жалпы ережелер

1. Биржа клиенттер үшін тек биржаның есеп айырысу ұйымы болып табылатын, биржалық нарықтарда жасалған қаржы құралдарымен операциялар бойынша есеп айырысуды жүзеге асыру мақсатында, "Биржалық қызметті жүзеге асыру ережелері ішкі құжатына сәйкес шоттар ашады және жүргізеді, бірақ сонымен бірге "Қаржы құралдарымен операцияларды клирингілеу ережелері" ішкі құжатына сәйкес осы нарықтарда орталық контрагент ретінде әрекет етепейді.
2. Биржа теңгемен және Биржаның шет елдік банктерде және/немесе Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінде, Ұлттық Банкте, "Бағалы қағаздардың орталық депозитарийі" АҚ корреспонденттік шоттары ашылған шет елдік валютасымен банктік шот ашуға құқылы ([осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2019 жылдың 24 қазанындағы шешімімен өзгертілді](#)).
3. Биржа клиенттердің ағымдық және корреспонденттік шотын ашуға құқылы.
Биржа жекелеген банктік операциялардың түрлерін жүзеге асырушы банктер немесе ұйымдар болып табылмайтын клиенттерге ағымдық шот ашады.
Биржа жекелеген банктік операциялардың түрлерін жүзеге асырушы банктер немесе ұйымдар болып табылмайтын клиенттерге корреспонденттік шот ашады.
4. Биржаның клиенттерінің банктік шоттары жеке қаражатын (жеке шоттар) есепке алу үшін, клиенттік қаражатын есепке алу (клиенттік) шоттары немесе Биржа клиенттерінің жеке және клиенттік қаражатын (жалпы шот) есепке алу үшін шоттары болып бөлінеді.
Клиенттік шоттар өз кезегінде Биржаның клиентінің клиенттері болып табылатын бірнеше немесе барлық тұлғалардың қаржысын есепке алуға арналған, жинақталған және Биржаның клиентінің клиенттері болып табылатын бір тұлғаның қаржысын есепке алуға арналған жеке шоттар болып бөлінеді.
5. Биржаның клиенттерге ашқан банктік шоттары бойынша операциялары тек қана қолма-қол ақшасыз орындалады.
6. Биржа жекелеген клиенттерге:
Бір биржалық нарықтың қаржы құралдарымен мәмілелер бойынша есептеулер үшін және (немесе) бір валютамен бір шоттан артық емес жеке банктік шоты және ол бойынша қамтамасыз етуді есепке алу;

клиенттік банктік шоттардың шектеусіз жиынтығы – түрлі биржалық нарықтың қаржы құралдарымен мәмілелер бойынша есептеулер үшін бір жинақталған шоттан көптеген жинақталған және (немесе) түрлі валютамен жеке шоттары және оларды қамтамасыз ету бойынша;

егер Қазақстан Республикасының заңдарымен және Биржаның ішкі құжаттарымен рұқсат етілсе, кем дегенде бір жалпы шоттан ашуы мүмкін.

7. Биржа жеке мүддесі немесе үшінші тұлғаның мүддесімен клиенттердің банктік шоттарында ақшаны пайдалануға құқығы жоқ.
8. Биржа клиенттердің банктік шоттарынан ақшаны аударуға, пайдалануға құқығы жоқ, егер ол:
 - 1) осы Ережелермен;
 - 2) Биржаның қаржы құралдарымен мәмілелер бойынша клирингілік қызметін жүзеге асыру шарты мен тәртібін анықтайтын, немесе Биржаның өзге де ішкі құжаттарымен;
 - 3) уәкілетті мемлекеттік органдардың шешімдерімен;
 - 4) Биржаға және (немесе) оның клиенттеріне қызмет көрсетуші банктік ұйымдардың немесе өзге есептік, есеп айырысу ережелерімен;
 - 5) Қазақстан Республикасының заңдарымен қарастырылмаса.
9. Биржаның банктік шот ашуға және оны жүргізуге комиссиялық алымдарының көлемі, олар бойынша жекелеген операциялар жүргізу Биржаның жекелеген ішкі құжаттарымен белгіленеді.
10. Биржада ашылған және жүргізілетін банктік (ағымдық немесе корреспонденттік) шоттағы ақша қалдығы үшін сыйақы аударылмайды және төленбейді.

11 - бап.

Клиенттердің банктік шотын ашу және жабудың жалпы шарттары

1. Банктік операцияларды жүргізу кезінде, банктік шоттарды ашуға қажетті құжаттарды Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңдарына сәйкес оларға ұсыну кезінде, құжаттарды рәсімдеу шарттары мен тәртібі туралы Биржаның ішкі құжатымен арнайы белгіленген нысаны бойынша банктік шотын біріктіру келісімшартын (ағымдық және корреспонденттік шот) жасасу туралы Биржаға ұсынылған және тиісті түрде рәсімделген клиенттің өтінімі негізінде клиенттің банктік шотының номері болып табылатын, жеке сәйкестендіру кодын ұсына отырып, клиентке шет елдік және ұлттық валютамен банктік шот (ағымдық және корреспонденттік шот) ашады.
2. Биржаға шот ашуға және оны жүргізуге қажетті ақпараттар мен құжаттардың тізімі Биржаның банктік операцияларды жүргізу кезіндегі құжаттардың ресімделу шарттары мен тәртібі туралы арнайы ішкі құжатымен белгіленеді.

Ашылған шоттың түріне және клиенттің құқықтық субъектілігіне қарай Биржа клиенттің мәртебесі және (немесе) құқығын растайтын қосымша құжаттарды ұсынуды талап етуге құқылы.
3. Банктік шотты (ағымдық және корреспонденттік шот) біріктіру келісімшартын жасасу туралы өтінімді алған күннен бастап, он жұмыс күні ішінде Биржа Басқармасы шешім қабылдайды:
 - 1) Банктік шотты (ағымдық және корреспонденттік шот) біріктіру келісімшартын жасасу туралы өтінімді қанағаттандыру туралы және банктік шот ашу туралы; немесе
 - 2) банктік шотты ашудан бас тарту туралы.
4. Банктік шотты (ағымдық және корреспонденттік шот) біріктіру келісімшартын жасасу туралы қанағаттандырылған өтінім негізінде банктік

(ағымдық және корреспонденттік шот) шотты ашу туралы хабарлама Биржаның банктік операциялар жүргізу кезіндегі құжаттардың ресімделу шарттары мен тәртібі туралы арнайы ішкі құжатымен белгіленген нысаны бойынша Биржа Басқармасы шешім қабылдаған күннен бастап, үш күннің ішінде өтініш берушіге жіберіледі.

5. Клиент бірнеше шот ашқан жағдайда Биржа банктік шот ашу үшін қарастырылған клиенттің құжаттарын қайтадан ұсынуды талап етпеуге құқылы.
6. Банктік шотты ашудан бас тартуды Биржа Биржаның ішкі нормативтік құжаттарында қарастырылған құжаттарды ұсынбаған жағдайларда және Қазақстан Республикасының заңдары негіздемесі бойынша жүзеге асырылады.

Банктік шотты ашудан бас тарту туралы хабарлама Биржа Басқармасы шешім қабылдаған күннен бастап үш күннің ішінде еркін түрде жазылып, өтініш иесіне жіберіледі.

7. Банктік шотты ашу үшін клиент ұсынған құжаттар электрондық көшірмеге көшіріліп, клиенттің банктік шотты (ағымдық және корреспонденттік шот) біріктіру келісім-шартын жасасу туралы өтінішімен бірге Биржада әрбір клиент бойынша арнайы ашылған іс папкасына тігіліп, сақталады. Іс папкасынан құжаттарды алуға жол берілмейді.
8. Банктік шоттарды жүргізу кезінде Биржа банктік шотқа (ағымдық және корреспонденттік шот) клиенттің пайдасына түсетін қаржыны қабылдап алады (аударды), Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңдарына, Биржаның ішкі құжаттарына және банктік шотты біріктіру туралы келісім-шартта қарастырылған және (немесе) Биржаның сауда-саттық жүйесінде жасалған қаржы құралдарымен мәміленің орындалуымен байланысты клиенттің банктік шотынан ақша аудару туралы клиенттің нұсқаулығын орындайды, өзге де қызметтерді көрсетеді.
9. Биржа Қазақстан Республикасының заң актілерінің талаптарына сәйкес, сондай-ақ Жауапты адамның (Биржаның ішкі құжаттарына сәйкес), Биржа Басқармасының тиісті шешімдері және (немесе) Биржаның Директорлар кеңесінің шешімдері негізінде уәкілетті органдардың тиісті шешімдері (қаулылары) негізінде Клиенттің банктік шоттары бойынша шығын операцияларын тоқтату/жаңартуды жүзеге асырады ([осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2018 жылдың 12 желтоқсанындағы шешімімен толықтырылды](#)).
10. Клиенттің банктік шотын жабу қаржы құралдарымен мәмілелер бойынша клиенттің орындалмаған міндеттемелерін орындамау немесе өзге орындалмаған міндеттемелер болмаған жағдайда, егер басқа жағдай заңмен немесе осы Ережелермен қарастырылмаса:
 - 1) клиенттің өтініші бойынша;
 - 2) клиенттің мүшелігін жеке немесе Биржаның барлық нарығында тоқтатқан жағдайда;
 - 3) Биржадан банктік (ағымдық немесе корреспонденттік) шоттарды ашуға және жүргізуге лицензиясын кері алған жағдайда;
 - 4) Биржаның қандай да бір биржалық нарықта есеп айырысу қызметін жүзеге асыруды тоқтатқан жағдайда;
 - 4) Қазақстан Республикасының заңдарымен қарастырылған өзге жағдайларда, осы Ережелермен немесе банктік шотын (ағымдық немесе корреспонденттік) біріктіру келісім-шартымен қарастырылған жағдайда.

11. Клиенттің банктік шотын жабу үшін негіздеме болған жағдайда және онда қаржы болмаған жағдайда Биржа осы клиенттің банктік шотын жабады, ол туралы ашылған банк шоттары журналында жазады.

Клиенттің құжаттарды ("іс қағаздары") тіркеу папкасында (немесе клиенттің электрондық мәліметтер жинағында) Банктік шотты жабуға негіздемесі көрсетілуі тиіс.

12. клиенттің банктік шотқа қойған талаптары, оның ішінде уәкілетті мемлекеттік органдардың немесе лауазымды тұлғалардың банктік шот бойынша шығын операцияларын тоқтату туралы шешімдері және (немесе) өкімдері, клиенттің банктік шотында орналасқан ақшасына арест қою туралы актілері орындалмаған жағдайда банктік шот жабылмайды, тек келесі жағдайда шот жабылады:

заңды тұлға-клиенттің таратылуы немесе қайта құрылуы;

шотта бір жылдам астам ақша болмаған жағдайда;

шотта бір жылдам астам ақша қозғалысы болмаған жағдайда;

Биржаның таралуы жағдайында;

Заңды және жеке тұлғалардың банктік шоттарын ашуға және жүргізуге лицензиясынан айырған жағдайда Биржаны қайта құру.

13. Биржа, банктік қызмет саласында қарастырылған тәртіппен және негіздеме бойынша және қылмыстық жолмен алынған кірісті заңдастыруға және терроризмді қаржыландыруға қарсы банктік шоттың келісім-шарты орындалудан бас тартады.

Банктік шот келісім-шартын орындаудан бір жақты бас тартуға жол берілмейді, егер:

Банктік шотқа немесе мүлікке иелік етуге, шешімдер мен өкілетті мемлекеттік органдардың өкімдері және (немесе) лауазымды тұлғаларының банктік шот бойынша шығын операцияларын тоқтату туралы орындалмаған талаптары, сондай-ақ клиенттің банктік шотында орналасқан қаржысын арестке қою туралы актілер болса;

Қазақстан Республикасының валюталық заңдарына сәйкес, клиентке ұсынылған экспорт (импорт) қарастырушы валюталық келісім-шарт бойынша орындалмаған талаптары болса.

14. Банктік шотты клиент ашу немесе жабу кезінде Биржа салықтық органдарды Салық кодексінде белгіленген тәртіппен, жағдаймен және мерзімде салық органдарын хабардар етеді, сондай-ақ клиентті шот жыбалған соң бір жұмыс күнінен кешіктірмей, жабылғаны туралы хабарлайды.

15. Биржа клиенттің барлық шоттарын жабу кезінде жеке сәйкестендіру кодтарын жояды, және Биржамен жасалған банктік шотты біріктіру келісім-шарты бұзылды деп есептеледі.

12 - бап.

Клиенттердің корреспонденттік шоттарын жабу ерекшеліктері

1. Корреспонденттік шотты жабуды Биржа осы ереженің 11 бабы 11 тармағында анықталған негіздемесі бойынша жүргізеді, сондай-ақ егер ол банк немесе банктік операциялардың жекелеген қызмет түрлерін жүзеге асырушы банктік емес ұйым болып табылатын болса Биржаның клиенттен (респонденттен) банктік (аударым) операцияларын жүргізуге арналған лицензиясын кері қайтарып алған жағдайда жабылады.

2. Биржа таратылған жағдайда респондент – клиенттің Биржаға қоятын талаптары Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес қанағаттандырылады.
3. Биржадан немесе респондент – клиенттің корреспонденттік шотын ашуға және жүргізуге немесе ашуға лицензиясын кері қайтарып алған немесе респонденттің корреспонденттік шотын жапқан жағдайда Биржа ақша аударымын респондент – клиент көрсеткен шотқа олардың арасындағы келісім-шарт шарттарына сәйкес жүргізуге міндетті.

13 - бап. Банк қызметін ұсыну барысында туындаған клиенттердің жүгінулерін қарастыру тәртібі

1. Биржаның жүгінулерін қарастыру Қазақстан Республикасының заңдарымен, осы Ережелермен және Биржаның өзге де құжаттарымен белгіленген тәртіппен және мерзімде жүзеге асырылады.
2. Басшылықтағы қызметкерлер мен есеп айырысу бөлімшесінің басшысы Биржа Басқармасы Төрағасының бекіткен қабылдау кетесіне сәйкес клиент өкілдерін жеке қабылдау жүргізеді *(осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2019 жылдың 04 қазанындағы шешімімен өзгертілді)*.

Қабылдауды Биржаның атқарушы органының орналасқан мекен-жайы бойынша клиенттердің өкілдерінің белгілеген кестесі бойынша жүргізіледі.

Егер қабылдау кезінде жүгінуге Биржаның басшылық қызметкері немесе есеп айырысу бөлімшесінің басшысы рұқсат етпеген болса, оны клиент жазбаша түрде жазып береді және онымен жазбаша жүгіну түрінде жұмыс жүргізіледі.

3. Биржа клиенттердің өтініштерін объективті, жан-жақты және уақтылы қарастыру олардың өтініштері мен қабылданған шаралардың нәтижесі туралы хабардар етеді.

Клиентке жазбаша өтінішті қарастыру нәтижесі туралы жазбаша жауап клиент жазған әрбір өтінішке, талап, қолдау хатқа, ұсынымға Қазақстан Республикасының заңдарының талаптарына, Биржаның ішкі құжаттарына, қарастырылып отырған мәселеге қатысты келісім-шарттарға, сондай-ақ қарастырылып отырған мәселенің нақты жағдайларына қабылданған шешімге шағымдануға оның құқығы бар екенін түсіндіре отырып, мемлекеттік тілде және өтініш берген тілде негізді және дәлелді түрде жауап беріледі.

4. Биржаның өтініші негізді және заңды болған жағдайда, Биржа заң бұзушылықты жою және клиенттің заңды мүддесін қалпына келтіру туралы шешім қабылдайды.
5. өтініштерді қарастыруға талдау және бақылау жасау қызметтері Биржаның әкімшілік-бақылау және (немесе) өзге бөлімшелеріне жүктеледі және оған:
 - 1) тиісті өтінімнің негізі болған себептерді анықтау және оларды жою үшін Биржа клиенттерінің өтінімдеріне талдау жасау және қорытындылау;
 - 2) Биржа үшін Биржа клиенттерінің өтініштерімен жұмысты ұйымдастыруды жақсарту бойынша нұсқаулықтарды әзірлеу;
 - 3) Биржа басшылығына Биржа клиенттерінің өтініштерін қарастыру нәтижесі бойынша осы қаржы қызметінің тұтынушыларына қатысты анықталған кемшіліктерді жою және Биржаның қызметінде мұндай заң бұзушылықтарды алдын алу үшін қолданылатын қарапайым қажетті шаралар туралы ұсыныстарды Биржаның басшылығына енгізу кіреді.

14 - бап. Банк шоттары мен олар бойынша операциялар жүргізу

1. Биржа банктік шоттарды жүргізуді Қазақстан Республикасының заңдарымен белгіленген тәртіппен банктік шоттарды жүргізуді жүзеге асырады.
Клиенттердің банктік шоттары бойынша барлық операциялар Биржаның ішкі есепке алу жүйесінде ондай операцияның барлық детальдарын көрсете отырып, әрбір операциясында көрсетіледі.
2. Клиенттердің банктік шоттарына ақша аударуға негіз болып табылатын нәрсе - клиенттерден Биржаның корреспонденттік шотына қаржы түсімі, сондай-ақ клиенттердің тиісті төлем құжаттары болып табылады.
3. Клиенттердің банктік шоттарынан ақшаны есептен шығаруға негіз болып табылатын келесі құжаттардың кез-келген біреуі болып табылады:
 - 1) қаржы құралдары бойынша биржалық сауда-саттық мәмілесі барысында қорытындыны куәландыратын құжат биржалық куәлік, сондай-ақ Биржаның сауда-саттық жүйесінде мұндай мәмілені тіркеу болып табылады;
 - 2) клирингтік ұйымның есебі, оның ішінде Биржаның клирингтік ұйым ретінде есебі, Биржаға клирингтік қатысушы болып табылатын клиенттердің нетто-талаптарының мәнін көрсете отырып, клирингтік қорытындысы;
 - 3) клиенттен төлем және (немесе) ақша аударуды жүзеге асыру немесе қайтаруға нұсқаулық.
4. Қазақстан Республикасының заңдарында қарастырылған жағдайларды қоспағанда, төлем құжаттарындағы кез-келген түзетулер және оларды кері қайтарып алу және олардың орындалуын тоқтату туралы бұйрықтарға жол берілмейді.
5. Биржа келесі негіздемелер бойынша нұсқаулықты орындаудан бас тартады:

егер клиент мазмұнға қатысты талаптарды сақтамаса, ақша аударымы бойынша төлем құжатын және (немесе) Қазақстан Республикасының заңнамасында және (немесе) Биржаның ішкі құжаттарымен белгіленген өзге де талаптарды құру және ұсыну тәртібі;

банктік шотта ақша сомасы болмаған кезде (банктік шоттағы ақшаның минималды қалдығын ескере отырып) аударымы жүзеге асырылмайды;

егер электрондық цифрлық қол таңба дұрыс болмаса немесе нұсқаулыққа қол қойған адамның қолы қолданыстағы құжатта көрсетілген қол қою үлгісімен қолтаңба үлгісімен сәйкес келмесе;

егер көрсетілімде (қағазда) жалғандық белгілері, түзетулер, толықтырулар болса;

егер қолданыста нұсқаулықтағы заңдарда қарастырылған мәліметтер болмаса;

Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының және Биржаның ішкі құжаттарының талаптарында көзделген басқа жағдайларда.
6. Биржа клиенттің Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында және биржаның ішкі құжаттарында белгіленген операциялық күн ішінде ғана оның күшін жою немесе тоқтата тұру туралы нұсқаулары мен бұйрықтарын қабылдайды. Егер оның орындалуының тоқтатылуы немесе кері қайтарылуы туралы клиенттің нұсқаулығы немесе өкімі Биржа белгілеген операциялық күн аяқталған соң қабылдау болса, онда ондай нұсқаулық пен өкімі келесі операциялық күннің басында алынған болып табылады.
7. Биржа операциялық күн ішінде бас тарту себебін көрсете отырып, клиенттің нұсқаулығын орындауынан бас тартады.

8. Клиент Биржаға Қазақстан Республикасының заңдарымен және (немесе) Биржаның ішкі құжаттарымен белгіленген нысан бойынша, тәртіппен және шарттарымен нұсқаулықтың орындалуын кері қайтарып алу немесе тоқтату туралы өкімін ұсынуға құқылы.
Нұсқаулығының орындалуын тоқтату немесе оны кері қайтарып алу тек қана оны Биржа орындағанға дейін ғана мүмкін.
9. Биржаның төлем құжатын кері қайтарып алу немесе оның орындалуын тоқтата тұру туралы клиенттің өкімін орындаған жағдайда, Биржа ондай өкімді алған күннің ертесінде, бір жұмыс күнінен кешіктірмей, клиентке алған өкімнің орындалуы туралы хабарлама жібереді.
10. Биржа төлем құжатын кері қайтарып алу немесе оның орындалуын тоқтата тұру туралы клиенттің өкімін орындаудан бас тартқан жағдайда, Биржа ондай өкімді алған күннің ертесінде, бір жұмыс күнінен кешіктірмей, клиентке алған өкімнің орындалуынан бас тартқаны туралы және оған негіздемесін көрсете отырып, хабарлама жібереді.
11. Электрондық әдіспен төлем және ақша аударымы туралы, оларды кері қайтарып алу туралы өкімдерін көрсету, сондай-ақ Биржаның және оның клиенттерінің өзара қарым-қатынастары үшін өзге құжаттар мен ақпарат алмасу келесі жүйелердің көмегімен жүзеге асырылуы мүмкін:
 - 1) "Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің банкаралық есептесулер орталығы" РМК ұсынған банктік хабарлама алмасу жүйесі (БХАЖ) ұсынған;
 - 2) S.W.I.F.T. халықаралық банкаралық ақпарат беру жүйесіне кіру үшін және төлемдер жасау үшін пайдаланатын S.W.I.F.T. бағдарламалық камтамасыз ету;
 - 3) Биржамен келісім-шарт бойынша "eTrade.kz" ЖШС ұсынған "eTransfer.kz" ақпарат ұсыну жүйесі;
 - 4) Биржамен келісім-шарт бойынша "Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің банкаралық есептесулер орталығы" РМК ұсынған "ФАСТИ" ақпарат тасымалдаудың автоматтандырылған қаржылық жүйесі;
 - 5) Биржаның ішкі құжаттарына сәйкес банктік операцияларды жүргізу кезінде Биржа мен оның клиенттері (уақыттың жекелеген кезеңінде немесе жекелеген нарықта) пайдалана алатын өзге де жүйе және Биржаның интернет-сайтында жарияланатын ақпарат.
12. Банктік шот ойынша операцияларды жүргізу кезінде Биржа Қазақстан Республикасының заңдарымен белгіленген жағдайлардан басқа, Биржаның клиенті болып табылмайтын, үшінші тұлғалардың пайдасына банктік шоттары бойынша аударым жүргізбейді.

14-1 - бап. Банктік операцияларды жүргізу кезіндегі шектеулер

1. Биржаның клиенттік операцияларды тоқтату тәртібін реттейтін ішкі құжатына сәйкес, клиент немесе оның бенефициарлық меншік иесі террористік қызметке қатысатын адамдардың тізіміне, терроризм мен экстремизмді қаржыландырумен байланысты ұйымдар мен адамдардың тізіміне енгізілген кезде, жаппай қырып-жоятын қаруды таратуды қаржыландырумен байланысты ұйымдар мен адамдардың тізіміне, Биржаны, Биржаның қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл жөніндегі ішкі құжаттарында көзделген тәртіппен және мерзімде, мұндай клиенттің банктік операцияларын тоқтату бойынша шаралар қабылдайды.
2. Қазақстан Республикасының заңнамасына және Биржаның қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді

қаржыландыруға қарсы іс-қимыл жөніндегі ішкі құжаттарына сәйкес, Биржа осы баптың 1-тармағында көрсетілген клиентпен банктік операцияларды жүргізуді қайта қалпына келтіреді.

(осы бап Биржаның Директорлар кеңесінің 2018 жылдың 12 желтоқсанындағы шешімімен енгізілді және Биржаның Директорлар кеңесінің 2020 жылдың 11 қарашасындағы шешімімен енгізілді).

5 - бөлім. Қорытынды қағидалар

15 - бап. Құпиялылығы

1. Биржа банктік қызмет алуына байланысты, банктік құпияны сақтайды және оған кепілдік береді, Биражаның клиенттері мен корреспонденттері туралы ақпараттар мен мәліметтер құпиялылығын, олардың операциялары мен Биржамен қарым-қатынасын сақтайды, оның ішінде:
 - 1) клиенттердің банктік шоттарының болуы, иелері және номерлері туралы;
 - 2) клиенттердің банктік шоттарындағы қаржы қалдықтары мен ақша қозғалысы туралы;
 - 3) аударылған шоттардағы шектеулер туралы (шығын операцияларының, раест, кепілдіктерін тоқтата тұру туралы мемлекеттік органдардың шешімдері және/немесе өкімдері);
 - 4) төлемдер және/немесе ақша аударымы бойынша операциялар жүргізу;
 - 5) Биржа клиенттерінің ақша талаптары мен міндеттемелері туралы.
2. Құпия ақпарат Қазақстан Республикасының заңдарына немесе Биржаның ішкі құжаттарына сәйкес ондай ақпарат ашуға жататын болған жағдайлардан басқа жағдайда, Биржа клиентінің жазбаша келісімінсіз жариялануына болмайды.

16 - бап. Қорытынды ережелер

1. Есеп айырысу тәртібі осы Ережеде және Биржаның басқа ішкі құжаттарында белгіленбеген банктік операцияларды жүргізуге байланысты жағдайлар, сондай-ақ осындай операцияларды жүзеге асыруға байланысты барлық даулар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шешілуге жатады.
2. Осы Ереже қажет болған жағдайда, бірақ кем дегенде үш жылда бір рет жаңартуға жатады.
3. Осы Ережеге өзгертулер және/немесе толықтыруларды (жаңартуларды) уақтылы енгізуге жауапкершілік Биржаның есеп айырысу бөлімшесіне жатады.

Басқарма Төрағасы

А. Ө. Алдамберген

Банктік операцияларды
жүргізу Ережесіне

1 - қосымша

Ақша аудару операцияларын жүргізу бойынша қызмет көрсетуге

КЕЛІСІМ-ШАРТ

"Қазақстан қор биржасы" акционерлік қоғамы, әрі қарай "**Биржа**" деп аталып, бір тараптан және [Биржа мүшесінің толық атауы және оның ұйымдастыру-құқытық нысаны], әрі қарай "**Клиент**" деп аталатын, екінші тараптан, әрі қарай әрқайсысы жеке "**Тарап**" және бірге "**Тараптар**" деп аталып, біріктіру келісім-шарты (әрі қарай – Келісім-шарт) болып табылатын, ақша аудару операцияларын жүргізу бойынша қызмет көрсету туралы төмендегі жөнінде осы Келісім-шартты жасасты.

1 - бап. Келісім-шарт мәні

1. Тараптардың биржалық нарықтарда сауда-саттығы бойынша есеп айырысу жүргізу кезінде ақша аудару операцияларын жүргізуге байланысты және банктік операцияларды жүргізу Ережелерімен (әрі қарай – Ереже), Биржаның ішкі құжаттарымен және Қазақстан Республикасының заңнамаларымен реттелетін Тараптардың қарым-қатынасы Келісім-шарттың мәні болып табылады (*осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2019 жылдың 04 қазанындағы шешімімен өзгертілді*).
2. Клиент осы баппен:
 - 1) Биржаның Ережелерімен және өзге де ішкі құжаттарымен танысқандығын растайды, Биржаның көрсетілген ішкі құжаттарының мәнін түсінеді, сондай-ақ Биржаның көрсетілген ішкі құжаттарымен және олардың нормаларымен сөзсіз келіседі;
 - 2) Ережелермен және Биржаның көрсетілген ішкі құжаттарымен қарастырылған талаптарын сақтауға және міндеттемелерін орындауға міндеттеме алады.

2 - бап. Тараптардың жауапкершілігі

1. Қазақстан Республикасының заңдарымен және Биржаның ішкі құжаттарымен белгіленген шарттармен және тәртіппен Келісім-шартпен және Биржаның ішкі құжаттарымен қарастырылған өзінің міндеттемелерін орындамағаны немесе тиісті түрде орындамағаны үшін Тараптар жауап береді.
2. Осы баппен Клиент Биржаның ішкі құжаттарымен анықталған олардың төлем шарттары мен тәртіптері, олардың көлемі, барлық тұрақсыздық айыбы (айыппұлдар) туралы хабардар екендігін растайды, сондай-ақ ондай тұрақсыздық айыбы (айыппұлдар), олардың көлемі мен төлем тәртібімен сөзсіз келіседі.

3. Осы баптың талаптарын Тараптар Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 294 - бабына сәйкес тұрақсыздық айыбы туралы келісім деп таниды.

3- бап. Форс-мажорлық жағдайлар

1. Тараптар, форс-мажорлық жағдай туындау себебінен болған Келісім-шарт бойынша өзінің міндеттемелерін орындамағаны немесе тиісті түрде орындамағаны үшін бір-бірінің алдында жауапкершіліктен босатылады.
2. Форс-мажорлық жағдай дегеніміз - табиғи апаттар, соғыс, әскери жағдайлар, террористік актілер, халықтық толқулар, заңның өзгеруі, Тараптар алдын ала болжай алмайтын реттеуші (уәкілетті) органдардың әрекеттері мен шешімдері және басқа да ұқсас жағдайлар, әрі Тараптар Келісім-шарт бойынша міндеттемелерінің орындалуына тікелей ықпал ететін жағдайлар.
3. Форс-мажорлық жағдай туындаған жағдайда Келісім-шарт бойынша міндеттемелердің орындалу мерзімі ондай жағдай болған уақытқа тең уақытқа жылжиды.
4. Келісім-шарт бойынша оның міндеттемелерін орындау форс-мажорлық жағдай салдарынан мүмкіндігі болмаған Тарап екінші Тарапты осы жағдай басталған күннен және осы жағдайдың әрекеті ақталған күнге дейін, 10 күнтізбелік күннен кешіктірмей, көп ұзамай оның басталуы (аяқталуы) туралы хабарлауға тиісті.
5. Форс-мажорлық жағдайдың басталуы мен тоқтатылуын растаушы құжат ретінде тиісті органдар (ұйымдар) берген (шығарған, қабылдаған) құжаттар болып табылады.
6. Егер форс-мажорлық жағдай бір айдан астам уақытқа созылса, онда Тараптар Келісім-шарт бойынша өзінің міндеттемелерін орындаудан бас тартуға құқылы, сонымен қатар, Тараптардың ешқайсысы екінші Тараптан қандай да бір шығынын талап етуге құқығы жоқ.

4 - бап. Келісім-шарттың жарамдылық мерзімі және қорытынды ережелер

1. Келісім-шарт осы Ереженің 5 қосымшасының формасы бойынша жасалған, Биржаға клиенттің өтінім беруі сәтінен және Клиенттің бірінші басшысы немесе оны алмастырушы тұлға қол қойған сәттен бастап, жасалған деп танылады. Сонымен қатар, Келісім-шарттың шарттары оны жасаған күннен бастап, Тараптарға қатысты қолданылады.
2. Келісім-шарт Қазақстан Республикасының заңдарымен реттеледі.
3. Келісім-шарт Клиенттің Биржада мүшелігін Қазақстан Республикасының заңдарымен және Биржаның ішкі құжаттарымен қарастырылған негіздер бойынша тоқталыған жағдайда немесе ұқсас негіздер бойынша аударым операцияларын тоқтатылған жағдайда тоқтатылады.
Биржаның Ережесіне немесе өзге де ішкі құжаттарына қандай да бір өзгертулер және/немесе толықтырулармен Клиент келіспеген жағдайда, келісім-шарттың орындалуынан бас тартуға құқылы. Сонымен қатар, ондай бас тарту Биржаның аударым операциялары бойынша қызметін пайдаланудан ерікті түрде бас тартумен тең болып саналады және келісім-шарт ондай бас тарту туралы өтінімде көрсетілген күннен бастап, бұзылған деп есептеледі.
4. Биржа мүшесі Қазақстан Республикасының заңдарымен және Биржаның ішкі құжаттарымен тікелей қарастырылған жағдайлардан басқа, өзінің Келісім-шарт бойынша құқықтары мен міндеттерін үшінші тұлғаға беруге (ұсынуға) құқығы жоқ.

5. Биржаның заңды мекен-жайы, деректемелері мен ішкі құжаттары Биржаның интернет-сайтында (www.kase.kz) жарияланады.

Банктік операцияларды
жүргізу Ережесіне

2 -қосымша

**Айырбастау операцияларын жүргізу бойынша қызмет көрсетуге
КЕЛІСІМ-ШАРТ**

"Қазақстан қор биржасы" акционерлік қоғамы, әрі қарай **"Биржа"** деп аталып, бір тараптан және [Биржа мүшесінің толық атауы және оның ұйымдастыру-құқытық нысаны], әрі қарай **"Клиент"** деп аталатын, екінші тараптан, әрі қарай әрқайсысы жеке **"Тарап"** және бірге **"Тараптар"** деп аталып, біріктіру келісім-шарты (әрі қарай – Келісім-шарт) болып табылатын, айырбастау операцияларын жүргізу бойынша қызмет көрсету туралы төмендегі жөнінде осы Келісім-шартты жасасты.

1 - бап. Келісім-шарт мәні

1. Биржаның шет елдік валюталар нарығында клиринг жүргізу кезінде Биржаның орталық контрагент қызметін орындай отырып, айырбастау операцияларын жүргізуге байланысты және банктік операцияларды жүргізу Ережелерімен (әрі қарай – Ереже), Биржаның ішкі құжаттарымен және Қазақстан Республикасының заңнамаларымен реттелетін Тараптардың қарым-қатынасы Келісім-шарттың мәні болып табылады.
2. Клиент осы баппен:
 - 1) Биржаның Ережелерімен және өзге де ішкі құжаттарымен танысқандығын растайды, Биржаның көрсетілген ішкі құжаттарының мәнін түсінеді, сондай-ақ Биржаның көрсетілген ішкі құжаттарымен және олардың нормаларымен сөзсіз келіседі;
 - 2) Ережелермен және Биржаның көрсетілген ішкі құжаттарымен қарастырылған талаптарын сақтауға және міндеттемелерін орындауға міндеттеме алады.

2 - бап. Тараптардың жауапкершілігі

1. Қазақстан Республикасының заңдарымен және Биржаның ішкі құжаттарымен белгіленген шарттармен және тәртіппен Келісім-шартпен және Биржаның ішкі құжаттарымен қарастырылған өзінің міндеттемелерін орындамағаны немесе тиісті түрде орындамағаны үшін Тараптар жауап береді.
2. Осы баппен Клиент Биржаның ішкі құжаттарымен анықталған олардың төлем шарттары мен тәртіптері, олардың көлемі, барлық тұрақсыздық айыбы (айыппұлдар) туралы хабардар екендігін растайды, сондай-ақ ондай тұрақсыздық айыбы (айыппұлдар), олардың көлемі мен төлем тәртібімен сөзсіз келіседі.
3. Осы баптың талаптарын Тараптар Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 294 бабына сәйкес тұрақсыздық айыбы туралы келісім деп таниды.

3- бап. Форс-мажорлық жағдайлар

1. Тараптар, форс-мажорлық жағдай туындау себебінен болған Келісім-шарт бойынша өзінің міндеттемелерін орындамағаны немесе тиісті түрде орындамағаны үшін бір-бірінің алдында жауапкершіліктен босатылады.
2. Форс-мажорлық жағдай дегеніміз - табиғи апаттар, соғыс, әскери жағдайлар, террористік актілер, халықтық толқулар, заңның өзгеруі, Тараптар алдын ала болжай алмайтын реттеуші (уәкілетті) органдардың әрекеттері мен шешімдері және басқа да ұқсас жағдайлар, әрі Тараптар Келісім-шарт бойынша міндеттемелерінің орындалуына тікелей ықпал ететін жағдайлар.
3. Форс-мажорлық жағдай туындаған жағдайда Келісім-шарт бойынша міндеттемелердің орындалу мерзімі ондай жағдай болған уақытқа тең уақытқа жылжиды.
4. Келісім-шарт бойынша оның міндеттемелерін орындау форс-мажорлық жағдай салдарынан мүмкіндігі болмаған Тарап екінші Тарапты осы жағдай басталған күннен және осы жағдайдың әрекеті ақталған күнге дейін, 10 күнтізбелік күннен кешіктірмей, көп ұзамай оның басталуы (аяқталуы) туралы хабарлауға тиісті.
5. Форс-мажорлық жағдайдың басталуы мен тоқтатылуын растаушы құжат ретінде тиісті органдар (ұйымдар) берген (шығарған, қабылдаған) құжаттар болып табылады.
6. Егер форс-мажорлық жағдай бір айдан астам уақытқа созылса, онда Тараптар Келісім-шарт бойынша өзінің міндеттемелерін орындаудан бас тартуға құқылы, сонымен қатар, Тараптардың ешқайсысы екінші Тараптан қандай да бір шығынын талап етуге құқығы жоқ.

4 - бап.

Келісім-шарттың жарамдылық мерзімі және қорытынды ережелер

1. Келісім-шарт осы Ереженің 5 қосымшасының формасы бойынша жасалған, Биржаға клиенттің өтінім беруі сәтінен және Клиенттің бірінші басшысы немесе оны алмастырушы тұлға қол қойған сәттен бастап, жасалған деп танылады. Сонымен қатар, Келісім-шарттың шарттары оны жасаған күннен бастап, Тараптарға қатысты қолданылады.
2. Келісім-шарт Қазақстан Республикасының заңдарымен реттеледі.
3. Келісім-шарт Клиенттің Биржада мүшелігін Қазақстан Республикасының заңдарымен және Биржаның ішкі құжаттарымен қарастырылған негіздер бойынша тоқталыған жағдайда немесе ұқсас негіздер бойынша аударым операцияларын тоқтатылған жағдайда тоқтатылады.
Биржаның Ережесіне немесе өзге де ішкі құжаттарына қандай да бір өзгертулер және/немесе толықтырулармен Клиент келіспеген жағдайда, келісім-шарттың орындалуынан бас тартуға құқылы. Сонымен қатар, ондай бас тарту Биржаның аударым операциялары бойынша қызметін пайдаланудан ерікті түрде бас тартумен тең болып саналады және келісім-шарт ондай бас тарту туралы өтінімде көрсетілген күннен бастап, бұзылған деп есептеледі.
4. Биржа мүшесі Қазақстан Республикасының заңдарымен және Биржаның ішкі құжаттарымен тікелей қарастырылған жағдайлардан басқа, өзінің Келісім-шарт бойынша құқықтары мен міндеттерін үшінші тұлғаға беруге (ұсынуға) құқығы жоқ.
5. Биржаның заңды мекен-жайы, деректемелері мен ішкі құжаттары Биржаның интернет-сайтында (www.kase.kz) жарияланады.

Банктік операцияларды жүргізу ережесіне

3-қосымша

**Банктік ағымдық шотты біріктіру
КЕЛІСІМ-ШАРТЫ**

Банктік ағымдық шотты біріктіру туралы осы келісім-шарт (әрі қарай- Келісім-шарт) Қазақстан Республикасының банктік заңдарымен қарастырылған, ұлттық және шет елдік валютамен операцияларды жүргізуге арналған 20__ жылдың _____ № лицензиясы бар "Қазақстан қор биржасы" (әрі қарай – Биржа) және Биржа мүшесі (әрі қарай – Клиент) арасында жасалған, әрі Клиенттің банктік ағымдық шотын (әрі қарай – Шот) ашу, жүргізу және жабуға байланысты қарым-қатынасын реттейді.

Биржа және Клиент әрі қарай бірлесіп, Тараптар, ал жеке - жеке – Тарап деп аталады.

1 - бап. Келісім-шарт мәні

1. Биржа Клиентке Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңдарына, Банктік операцияларды жүргізу Ережелеріне (әрі қарай – Ереже), Биржаның өзге де ішкі құжаттарына және Клиенттің Биржаға берген Келісім-шарт жасасу туралы жазбаша өтінішін қанағаттандыру негізінде және Клиенттен шот ашу үшін қажетті барлық құжаттарды қабылдаған соң, осы Келісім-шартқа сәйкес шот ашады және банктік қызмет кешенін ұсынады.
2. Келісім-шарт жасасу туралы өтінімге қол қоя отырып, Клиент өзіне барлық міндеттемелерді және шот ашу, жүргізу және жабу шарттарын, Биржаның ішкі құжаттарымен және оларға енгізілген жалпы өзгертулер мен толықтырулармен қоса белгіленген комиссиялық алымдары мен тұрақсыздық төлемдерін қабылдайды, сондай-ақ Ереженің және осы Келісім-шарттың барлық нормалары толығымен Клиенттің мүддесі мен еркіне толық сәйкес келетіндігін растайды.

2 - бап. Есеп шоты бойынша жүзеге асырылатын операциялар

1. Биржа қолданыстағы заң талаптарына, ережелерге, Келісім-шарттар мен тапсырмалардың түсу тәртібімен (төлем құжаттары) Биржаның өзге де құжаттарына сәйкес банктік қызмет көрсетеді және Клиенттің шоты бойынша операцияларды:
 - 1) Биржа клиентінің қолданыстағы шоттары бойынша міндеттемелерін қамтамасыз ету және (немесе) орындау мақсатында Биржаның клирингілік жүйесін; немесе
 - 2) Клиент Биржадағы өзінің банктік шоттарынан ақшаны тек басқа қызмет көрсететін банктік ұйымдардағы банктік шоттарына аударғаны үшін жүзеге асырады.
2. Клиент банктік қызмет көрсеткені үшін комиссиялық сыйақы төлейді, тұрақсыздық айыбын және (немесе) Биржаның шығыстарын банктің қызметтерін көрсеткені үшін комиссиялық сыйақылар туралы Биржаның арнайы ішкі құжатында белгіленген шарттарда және тәртіппен өтейді.
3. Биржа Клиенттің шоты бойынша ақша қалдығына сыйақы аударымын жасамайды.

3 - бап. Тараптардың құқықтары

1. Клиент:

- 1) Қазақстан Республикасының заңдарымен, Ережелермен және Келісім-шартпен қарастырылған шектеулерді ескере отырып, шоттарында орналасқан ақшаға өз бетінше иелік етуге;
- 2) Ережелермен және (немесе) биржалық нарықтағы қаржы құралдарының сауда-саттық нәтижесі бойынша төлемдерді жүзеге асыру регламентімен өзге құжаттармен белгіленген шартпен және тәртіппен, шотта есептелген қаржы сомасы аясында Биржаға нұсқаулықтарды (төлем құжаттарын) ұсынуға;
- 3) Биржадан шоттары бойынша мерзімдік немесе тиісті сұраным бойынша үзінділер мен өзге де есептік құжаттарды алуға;
- 4) Қазақстан Республикасының заңдарымен және Биржаның ішкі құжаттарымен белгіленген көлеммен және тәртіппен өзінің қызметін жүзеге асыру үшін Биржадан қажетті ақпарат алуға;
- 5) Қазақстан Республикасының заңдарымен және Биржаның ішкі құжаттарымен қарастырылған өзге де құқықтарын жүзеге асыруға құқылы.

2. Биржа:

- 1) шотты ашу, жүргізу, жабу және (немесе) шот бойынша бөлек операция жүргізу үшін қажетті құжаттардың тізіміне, егер қолданыстағы заңнамада, Биржаның ережелерінде және (немесе) ішкі құжаттарында қажет болса, ешқандай қосымша келісімсіз өзгерістер енгізуге Клиенттің талабы болып табылады және клиенттен оларды уақытында тапсыруды талап етеді
- 2) Ережелермен қарастырылған тәртіппен, Биржаның ішкі құжаттарына өз бетінше өзгертулер мен толықтыруларды енгізе отырып, Биржа клиенттеріне ол туралы хабарлауға;
- 3) Клиентпен автоматтандырылған қарым-қатынасты ұйымдастыру және мәліметтерді ұсыну үшін электрондық құжаттармен алмасу жүйесін (ЭҚАЖ) анықтауға;
- 4) Биржада жүргізілетін Клиенттердің шоттарының тікелей дебеті үшін, оның ішінде дебет үшін:
 - Қаржы құралдарымен биржалық сауда-саттық нәтижелері бойынша Клиенттің ақшалай міндеттемелері;
 - Клиенттің Биржаға қарызын төлеу үшін қажетті комиссиялық алымдар, тұрақсыздықтар мен өзге де қаражат;
 - Клиенттің шотана қателесіп аударылған қаржы;
 - Ережелерде белгіленген тәртіппен, Биржада шот бойынша түзету (түзету) операцияларын (шот бойынша өткізу) жүргізу қажет болған жағдайда;
 - Ережелермен және өзге де Биржаның ішкі құжаттарымен белгіленген өзге де жағдайларда;
- 5) Клиент Шарттың талаптарын бұзған жағдайда, олардың талаптарын қанағаттандыру мақсатында шоттан ақшаны тікелей дебет арқылы өндіріп алу құқығымен шотты блоктау, шот бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұруға, сондай-ақ:

Биржа есепшот бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұру, шоттағы ақшаны ұстау туралы шешімдер, уәкілетті мемлекеттік органдардың

және (немесе) лауазымды адамдардың шешімдері, қаулылары, сондай-ақ үшінші тұлғалардан нұсқаулар алған жағдайда Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шоттың тікелей дебеті;

Келісім-шартпен және (немесе) Қазақстан Республикасының заңдарымен қарастырылған өзге де жағдайларда;

- 6) шот бойынша шығын операцияларын қолданыстағы заң талаптарына, Ережелерге және (немесе) қаржы құралдарының ұйымдастырылған (биржалық) нарығындағы қызметіне қатысы жоқ орындаудан (орындауға тыйым салу) бас тарту;
- 7) Клиент Биржаға наразылық білдірген, талап арыз берген жағдайда тиісті кеңес беру, заң қызметін ұсынатын (әрі қарай – кеңесшілер) үшінші тұлғаларға Клиентпен даулы мәселе бойынша қорытынды алуға, кеңес алуға жүгінеді. Сонымен бірге Биржа кеңесшілерге наразылықты, Клиенттерге талапты және Биржаның өзінің атына ашқан шоттарды, оның ішінде коммерциялық құпияны құрайтын шоттарды қарау үшін қажетті кез-келген ақпаратты беруге құқылы;
- 8) Клиенттің комиссиялық алымдарды, тұрақсыздық айыбын немесе Биржаның шығындарын өтемеген жағдайда, Биржаның ішкі құжаттарына сәйкес Клиенттің шоттары бойынша операцияларын жүргізуге нұсқаулықтарын орындамауға;
Клиенттің таратылу немесе қайта құруға байланысты шоттарды жабу жағдайларынан қоспағанда, Клиенттің оған қарсы орындалмаған талаптары болған жағдайда, Клиенттен шотты жабудан бас тартуға;
- 9) Биржаны немесе Клиентті тексеретін аудиторлық ұйымдарға Клиенттің шоттарында ақшаның болуы және ақша қозғалысы туралы, сондай-ақ аудитке қажетті өзге де ақпаратты ұсынуға;
- 10) Биржаның ішкі құжаттарымен және Қазақстан Республикасының заңдарымен қарастырылған өзге де құқықтарды жүзеге асыруға құқылы.

4 - бап. Тараптардың міндеттері

1. Клиент:

- 1) Қазақстан Республикасының заң талаптарын, Ережелер, Келісім-шарттар мен Биржаның өзге де ішкі құжаттарын білуге және сақтауға;
- 2) Биржаға қолданыстағы заңға қайшы келмейтін, шот бойынша операцияларды жүзеге асыру туралы қолданыстағы заңға, Ережелерге және осы Келісім-шарттарға сәйкес тиісті түрде рәсімделген хабарламаларды (төлем құжаттарын) ұсына отырып, нұсқаулықтарды жіберуге;
- 3) Биржадан алынған бүкіл ақпаратты, оның ішінде биржалық куәліктерде, Биржаның сауда-саттық, клирингілік немесе есептеу жүйесінде, электрондық хабарламаларда, үзінді көшірмелерде және өзге де құжаттарда көрсетілген барлық ақпаратты бірден тексеруге, қаржы құралдарымен жасалған мәмілелердің (есептеулерді Биржа өз бетінше жүргізетін) Биржаның орындауы және (немесе) дұрыстығын қамтамасыз етуді (жарияланған баға белгілеулерді), Клиенттің өзге де тапсырмаларын тексеруге;

Егер Клиент қандай да бір кемшіліктерді көрсе, дұрыс емес және (немесе) толық орындалмауын, рұқсат етілмеген операциялардың болуын байқаса, Клиент ол туралы Биржаны бірден ауызша немесе жазбаша түрде хабардар етуі тиіс.

- 4) Биржаны шот ашу кезінде ұсынылған құжаттардағы өзгерістер туралы он жұмыс күні ішінде хабардар етуге;
- 5) қателесіп аударылған шотқа ақшаны қайтаруға кедергі келтірмеуге немесе ықпал етпеуі тиіс, сондай-ақ шотқа қателесіп ақша аударылу фактісін анықтаған жағдайда, ол туралы Биржаға бірден хабарлауға;
- 6) Биржаның ішкі құжаттарымен қарастырылған тәртіппен және шартпен банктік қызметін және өзге де төлемдерді Биржаға төлеуге;
- 7) Биржаның ішкі құжаттарына сәйкес, Биржа органдары қабылдаған клиенттің (-тердің) қызметіне қатысты шешімдерді тануға, және ондай шешімдерді орындауға;
- 8) Биржаның ішкі құжаттарына сәйкес өзінің міндеттемелерін орындамаған жағдайда, тұрақсыздық төлемін төлеуге, соның ішінде: комиссиялық алымдарды (уақтылы емес немесе толық емес төлем) төлемеу; қамтамасыз етуді есепке алуға (толық немесе жартылай) міндеттемелерін орындамағаны және басқалары үшін, жасалған мәмілелер бойынша есептеу мерзімін бұзуға шектелмеуге міндетті. Тұрақсыздық айыпұлының көлемі мен тәртібі Биржаның ішкі құжаттарымен анықталады.

2. Биржа:

- 1) Клиент шот ашу үшін қажетті және жеткілікті ақпаратты және құжаттарды ұсыну кезінде және шот ашудан бас тартуға негіз жоқ болған жағдайда, Клиентке оның өтінішіне сәйкес шот ашуға;
- 2) Қазақстан Республикасының заңдарына, Ережелері мен Келісім-шартқа сәйкес Клиенттің шоттары бойынша банктік операциялардың жекелеген түрлерін жүзеге асыруға;
- 3) Биржаның электрондық мәліметтерін (құжаттарды) тиісті жағдайда есепке алу және өткізіп беру бойынша банктік (автоматтандырылған) жүйесіне қолдау көрсетуге;
- 4) қажет болған жағдайда, Қазақстан Республикасының заңдарымен белгіленген валюталық бақылау агентінің қызметін жүзеге асыруға;
- 5) Клиенттің атауы өзгерген жағдайда, ұйымдастыру-құқық нысаны өзгерген, электрондық кілті істемей қалған жағдайда, Клиентке жаңа кілт алу үшін бес жұмыс күні берілсін;
- 6) Клиентті ережеге енгізілген барлық өзгерістер туралы Қазақстан Республикасының заңдарымен және Ережелерімен белгіленген мерзімде хабардар етуге.
Клиентке Биржаның тоқсан сайынғы қаржылық есептілігімен танысу мүмкіндігімен қамтамасыз етуге міндетті, Клиент соның негізінде Биржаның қаржылық жағдайына тәуекелді бақылау және азайту мақсатында талдау жасайды;
- 7) Биржаның ұйымдастыру-құқық нысаны, банктік, пошта деректемелері, атауы өзгерген жағдайда (қалпына келтірілмейтін немесе салдарын жою қиын жағдайлар басталғанға дейін), ол туралы Клиентті көп ұзамай хабардар етуге;
- 8) Қазақстан Республикасының заңдарына, Ережелері мен Келісім-шартқа сәйкес белгіленген жағдайлардан басқа, Клиенттің шоттарындағы ақша қаражаты болуы және айналымы туралы ақпаратты жарияламауға;
- 9) Қазақстан Республикасының заңдарына, Ережелері мен Келісім-шартта қарастырылған жағдайда шоттарды жабуға міндетті.

3. Тараптар:

- 1) Қазақстан Республикасының заңдары мен Ережелерінің талаптарын сақтауға;
- 2) Клиенттің шоттары бойынша жүргізілген операцияларды тексеру (салыстыру) жүргізу нәтижесінде, шоттар бойынша қалдықтарды салыстыру кезінде қателіктер (сәйкессіздіктер) анықталған жағдайда, қателіктерді (сәйкессіздіктер) анықтаған Тарап бір жұмыс күні ішінде екінші Тарапқа осы қателікті (сәйкессіздікті) бірлесіп анықтау және жою мақсатында екінші Тарапқа жүгінуі қажет;
- 3) уәкілетті органнан хабарлама алғаннан кейін келесі жұмыс күнінен кешіктірмей, лицензияның тоқтатыла тұрғаны, лицензиясының күшін жойғаны, оның болуы туралы осы Келісім-шартпен реттелетін қарым-қатынасты орнату үшін міндетті Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес, бір-біріне хабарлауға;
- 4) Биржаның ішкі құжаттарымен және Қазақстан Республикасының заңдарымен қарастырылған, бір-бірінің алдындағы өзге де міндеттерін орындауға міндетті.

5 - бап. Ақша төлемі және ақша аудару кезінде ақпарат алмасу тәртібі

1. Төлем құжаттарын беру тәртібі, ақпарат алмасу және Клиент пен Биржа арасында төлем және (немесе) ақша аудару туралы құжат алмасу әдістері Қазақстан Республикасының заңдарымен және Биржаның ішкі құжаттарымен белгіленеді.

6 - бап. Жауапкершілігі

1. Келісім-шарт бойынша міндеттемелерді бұзғаны немесе тиісті түрде орындамағаны үшін Тараптар Келісім-шарт бойынша Қазақстан Республикасының заңдарына, Ережелері мен Келісім-шартқа сәйкес жауап береді.
2. Биржа Клиенттің төлем тапсырмасында көрсетілген, төлем сомасы шот бойынша азаймайтын ақша қалдығын алып тастағандағы көлеміндегі ақша сомасынан асатын болса, оның шоты бойынша (болған жағдайда) Клиенттің нұсқаулығын орындамағаны үшін жауап бермейді.
3. Тараптар келісім-шарт бойынша нақты зиян көлемінде міндеттемелерін орындамаумен немесе тиісті түрде орындамаумен байланысты, бір-біріне шығын келтірген жағдайда Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауап береді.
4. Міндеттемелерді орындамағаны немесе уақтылы орындамағаны үшін Тараптар төлейтін айыппұлдардың мөлшері Ережелермен және (немесе) Биржаның басқа ішкі құжаттарымен анықталады.
5. Биржа немесе Клиент процесте немесе банктік операциялар нәтижесінде жауап бермейтін жағдайлар Ережемен анықталады.

7 - бап. Форс-мажорлық жағдайлар

1. Тараптар, Қазақстан Республикасының заңдарына және Биржаның ішкі құжаттарының анықтамаларына сәйкес, форс-мажорлық жағдай туындау себебінен болған Келісім-шарт бойынша өзінің міндеттемелерін орындамағаны және (немесе) толық орындамағаны үшін бір-бірінің алдында жауапкершіліктен босатылады.
2. Форс-мажорлық жағдай туындаған жағдайлардың тізбесі мен сипаттамасы, сондай-ақ ол туындаған жағдайдағы әрекет Ережемен анықталды.

3. Тараптар бір-бірін форс-мажор жағдайлары туындағаны туралы тараптардың біріне міндеттемелерін орындауға әсер ететін кедергілер мен оның салдары турады белгілі болған соң, оын хабарлау мүмкін болған кезде хабарлауға міндеттеме алады.
Келісім-шарт бойынша міндеттемелерді орындау ондай жағдайларда тоқтатылады. Форс-мажор жағдайлары туындау фактілері келесі тиісті құжаттармен расталуы тиіс.
4. Форс-мажор жағдайларының әрекетін тоқтатқан жағдайда Тараптар келісім-шарт бойынша алған міндеттемелерді тиісті түрде орындау үшін барлық қажетті шараларды қабылдайды.
5. Егер форс-мажор жағдайлары үш айдан астам ұзарса, онда Тараптар өзара Келісім бойынша Келісім-шартты бұзуға құқылы.

8 - бап. Дауларды шешу тәртібі

1. Келісім-шарттың шарттарын орындау барысында Тараптар оларды соттан тыс тәртіппен реттеу үшін бір-бірінің мүддесін ескере отырып, барлық шараларды қолдануға міндеттеме алады.
2. Тараптардың даулары мен келіспеушіліктерін реттеу Ережемен бекітілген тәртіппен және Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жүзеге асырылады.

9 - бап. Келісім-шарттың жарамдылық мерзімі

1. Биржаға Клиент ұсынған шот ашу туралы хабарламасында көрсетілген күннен бастап, күшіне енеді және өзінің іс-әрекетін Қазақстан Республикасының заңдарында, Ережелерде және Келісім-шартта қарастырылған жағдайда тоқтатады.
2. Келісім-шарт Тараптардың келісімі бойынша Келісім-шартты бұзу туралы келісімге қол қойған сәтте өзара наразылығы жоқ болған жағдайда, , сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңдарында, Ережелерде және Келісім-шартта белгіленген жағдайларда бұзылуы мүмкін.
3. Тараптардың әрқайсысы Келісім-шартты бір жақты тәртіппен, ол туралы екінші Тарапты бұзуды болжаған отыз жұмыс күніне дейін жазбаша хабарлай отырып және Қазақстан Республикасының заңдары мен Ережелерінде белгіленген шарттарын сақтауын ескере отырып, бұзуға құқылы.
4. Келісім-шартты тоқтату Тараптарды Келісім-шарттың шарттарына сәйкес туындаған міндеттемелерін оның жарамдылық мерзімін тоқтатқанға дейін орындаудан босатпайды.
5. Биржаның Клиенті Биржаның ішкі құжаттарында қарастырылған жағдайлардан өзге жағдайда, Келісім-шарт бойынша үшінші тұлғаға өзінің құқықтары мен (немесе) міндеттемелерін берге (өткізіп беруге) құқығы жоқ.

10 - бап. Қорытынды жағдайлар

1. Осымен Қазақстан Республикасының заң талаптарына және Биржаның ішкі құжаттарына сәйкес, банктік, коммерциялық құпия ақпараттар және өзге де қорғалатын ақпараттарды (әрі қарай – Құпия ақпарат) Биржаның ашуына Клиент осы арқылы өзінің талаптарына сәйкес қайтарымсыз және сөзсіз келісiмiн бередi.
2. Биржаның Клиентi осы келiсiммен келiсуге байланысты, Клиенттiң Биржаға қатысты талаптары, Шарт жасасқан кезде де, келешекте де болмайтындығын растайды және кепiлдік береді және Биржа Клиенттiң алдында Қазақстан Республикасының заңнамасы мен құпия ақпарат биржасының ішкі құжаттарының талаптарына сәйкес ақпараттық жария еткені үшін жауап бермейді.
3. Келісім-шарт Қазақстан Республикасының заңнамасына және Биржаның ішкі құжаттарына сәйкес жасалған және банктік операцияларды жүргізу шарттары мен тәртібін реттейтін, Биржаның қолданыстағы ішкі құжаттарына қосылу туралы Келісім-шарт болып табылады.
4. Биржа клиенті осы арқылы Биржаның барлық ішкі құжаттарымен таныс екенін, Биржаның барлық ережелерінің, шарттарының және ішкі құжаттарының мағынасын түсінетіндігін, сондай-ақ Биржаның барлық ішкі құжаттарымен және олардың ережелерімен, шарттарымен және талаптарымен сөзсіз келісетіндігін растайды.
5. Тараптардың біреуі немесе екеуі де қайта ұйымдастырылған жағдайда, Шарт талаптары өзінің заңды күшін жоғалтпайды және құқықтық мирасқорларға беріледі.

11 - бап. Тараптардың заңды мекен-жайы және өзге деректемелері

1. Биржаның заңды мекен-жайы және деректемелері Биржаның интернет-сайтында жарияланады.
2. Биржаға қажетті Клиенттің заңды мекен-жайлары мен өзге деректемелерін Клиент Келісім-шарт жасасу туралы өтініш беру кезінде және оларды өзгерту туралы келесі жағдайда ұсынады.

Банктік корреспонденттік шотты біріктіру КЕЛІСІМ-ШАРТЫ

Осы банктік корреспонденттік шотты біріктіру Келісім-шарты (әрі қарай – Келісім-шарт), Қазақстан Республикасының 20__ "___" _____ № _____ ұлттық және шет елдік валютамен банктік заңдарымен қарастырылған операцияларды жүргізуге лицензиясы бар "Қазақстан қор биржасы" АҚ (әрі қарай – Биржа) мен Биржа мүшесі арасында (әрі қарай – Клиент) Клиенттің банктік корреспонденттік шотын (әрі қарай – шот) жүргізу және жабуға байланысты қарым-қатынасын реттейді.

Биржа және Клиент бірлесіп Тараптар, ал жеке – Тарап деп аталады.

1 - бап. Келісім-шарт мәні

1. Биржа Клиентке Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңдарына, банктік операцияларды жүргізу ережелеріне (әрі қарай – Ереже), Биржаның ішкі құжаттарына және Клиенттің Келісім-шарт жасау туралы Биржа қанағаттандырған жазбаша өтініші негізінде және Клиенттен шот ашу және жүргізу үшін барлық қажетті құжаттарды қабылдаған соң, осы Келісім-шартқа сәйкес шот және банктік қызмет кешенін ұсынады.
2. Келісім-шарт жасасуға өтінішке қол қоя отырып, Клиент өзіне барлық міндеттемелер мен шот ашу, жүргізу және жабу шарттарын, Биржаның ішкі құжаттарымен және оларға өзгертулер мен толықтырулармен комиссиялық алым және тұрақсыздық айыппұлдын төлеуді қабылдайды, сондай-ақ Ережелердің және осы Келісім-шарттың барлық нормалары толығымен Клиенттің мүдделері мен қалауына сәйкес келетіндігін растайды.

2 - бап. Шот бойынша жүзеге асырылатын операциялар

1. Биржа қолданыстағы заң, Ереже, Келісім-шарт және Биржаның өзге құжаттарының талаптарына сәйкес Клиенттің шоты бойынша төлем құжаттары (тапсырмалары) түскен соң банктік қызмет көрсетеді және операцияларды жүзеге асырады:
 - 1) Биржаның Клиенттерінің шоттары бойынша міндеттемелерді қамтамасыз ету және (немесе) орындау мақсатында Биржаның клирингтік жүйесі; немесе
 - 2) Биржадағы Клиенттің банктік шотынан оның тек қана өзге қызмет көрсетуші банктік ұйымдардағы банктік шоттарына ақша аудару бойынша.
2. Клиент банктік қызмет көрсеткені үшін комиссиялық сыйақыларды төлейді, айыппұлдар төлейді және (немесе) Биржаның шығындарын банктік қызметтерін көрсеткені үшін комиссиялық сыйақылар туралы Биржаның арнайы ішкі құжатында белгіленген шарттарда және тәртіппен өтейді.
2. Биржа Клиенттің шотындағы қалдыққа сыйақы есептемейді.

3 - бап. Тараптардың құқықтары

1. Клиент:

- 1) Қазақстан Республикасының заңдарымен, Ережелермен және Келісім-шартпен қарастырылған, шектеулерді ескере отырып, шотындағы бар ақшаға өз бетінше иелік етуге;
- 2) Биржаға Ережелермен және (немесе) биржалық нарықтарда қаржы құралдарымен сауда-саттық нәтижесі бойынша төлемдерді жүзеге асыру регламентімен өзге құжаттармен белгіленген шарттар мен тәртіппен, шотындағы есептелген ақша сомасы шегінде төлем құжаттарын (тапсырмаларын) ұсынуға;
- 3) Биржадан мерзімдік немесе тиісті сұраным бойынша шоттары бойынша үзінді жазба және өзгеде есептік құжаттарды алуға;
- 4) Биржадан өзінің қызметін жүзеге асыру үшін қажетті ақпаратты Биржаның ішкі құжаттары мен Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген көлем мен тәртіппен алуға;
- 5) Биржаның ішкі құжаттары мен Қазақстан Республикасының заңдарында қарастырылған өзге де құқықтарын жүзеге асыруға құқылы.

2. Биржа:

- 1) шотты ашу, жүргізу, жабу және (немесе) шот бойынша бөлек операция жүргізу үшін қажетті құжаттардың тізіміне, егер қолданыстағы заңнамада, Биржаның ережелерінде және (немесе) ішкі құжаттарында қажет болса, ешқандай қосымша келісімсіз өзгерістер енгізу Клиенттің талабы болып табылады және клиенттен оларды уақытында тапсыруды талап етуге;
- 2) Ережеде қарастырылған тәртіппен, Биржа клиенттерінің хабарлауымен, Биржаның ішкі құжаттарын өз бетінше қабылдау және оларға өзгертулер енгізу;
- 3) Клиентпен автоматтандырылған өзара әрекетті ұйымдасытур және мәліметтерді беру үшін электорндық құжат айналымы жүйесін (ЭҚАЖ) анықтауға;
- 4) Биржа жүргізетін Клиент шоттарын тікелей дебеттеуге, оның ішінде төмендегілерді дебеттеуге:
 - қаржы құралдырамен жасалған биржалық сауда-саттықтың нәтижесі бойынша Клиенттің қаржылық міндеттемелері;
 - Клиенттің Биржаға қарыздарын төлеуі үшін қажетті комиссиялық алымдар, тұрақсыздық айыппұлы мен өзге де қаржылар;
 - Клиенттің шотына қателесіп аударылған ақша;
 - Ережелермен қарастырылған тәртіппен, шот бойынша Биржаның түзету операцияларын жасауы үшін қажетті болған жағдайларда;
 - Биржаның Ережелерімен және өзге де құжаттарымен белгіленген басқа жағдайларда;
- 5) Клиент Келісім-шарт талаптарын бұзған жағдайда, олардың талаптарын қанағаттандыру мақсатында шоттан ақшаны тікелей дебет арқылы өндіріп алу құқығымен шотты бұғаттау, шот бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұру, сондай-ақ:

Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес, Биржаға өкілетті мемлекеттік органдардың және (немесе) лауызымды тұлғалардың шешімдері, қаулылары келіп түскен жағдайда, сондай-ақ шотты тікелей дебеттеуге құқығы бар үшінші тұлғадан шот бойынша шығын

операцияларын тоқтата тұру, шоттағы ақшаны арестке алу туралы тапсырма түскен соң;

өзге жағдайларда Қазақстан Республикасының заңдарында және (немесе) Келісім-шартында қарастырылған өзге жағдайларға сәйкес;

- 6) шот бойынша шығын операцияларын орындау қолданыстағы заңдарға, Ережелер және (немесе) қаржы құралдарының ұйымдастырылған нарығындағы қызметіне қатынасы жоқ талаптарына сәйкес келмеген жағдайда орындаудан (жүзеге асырылуына тыйым салуға) бас тартуға;
- 7) Клиенттің Биржаға деген наразылығы мен талаптарын ұсынған жағдайда, Клиентпен даулы қарым-қатынасы бойынша тиісті кеңес, заң қызметін (әрі қарай – кеңесшілер) ұсынатын үшінші тұлғаларға кеңес алуға, қорытынды алуға жүгінеді. Сонымен қатар, Биржа кеңесшілерге наразылықты, талапты қарастыру үшін қажетті Клиент және Биржаның оның атына ашқан шоттарын, оның ішінде коммерциялық құпияны құрайтын шоттары туралы ақпаратты ұсынуға құқылы;
- 8) Клиенттің комиссиялық алымдарды, тұрақсыздық айыппұлын немесе Биржаның ішкі құжаттарына сәйкес шығындарын өтемеген жағдайда, Клиенттің шоттар бойынша операциялар жүргізуге тапсырмасын орындамауға құқылы.

Клиенттің таратылуына немесе қайта ұйымдастырылуына байланысты шоттарды жабу жағдайларын қоспағанда, Клиенттің оған қарсы орындалмаған талаптары болса, Клиенттен шоттарды жабудан бас тартуға;

- 9) Биржаға немесе Клиентке аудит жүргізуші аудиторлық ұйымдарға Клиенттің шотындағы ақша қозғалысы және оның болуы туралы ақпаратты, сондай-ақ аудитке қажетті өзге де ақпаратты ұсынуға құқылы;
- 10) Биржаның ішкі құжаттарымен және Қазақстан Республикасының заңдарымен қарастырылған өзге де құқытарын жүзеге асыруға құқылы.

4 - бап. Тараптардың міндеттері

1. Клиент:

- 1) Қазақстан Республикасының заңдарымен, Ережелерімен, келісім-шарт және Биржаның ішкі құжаттарының талаптарын білу және сақтауға;
- 2) қолданыстағы заңнамаға, Ережеге және осы Шартқа сәйкес тиісті түрде рәсімделген хабарламаларды (төлем құжаттарын) көрсете отырып, қолданыстағы заңнамаға қайшы келмейтін операцияларды жүзеге асыру туралы нұсқауын Биржаға жіберу;
- 3) Биржадан алынған барлық ақпаратты, оның ішінде биржалық суәліктерде, Биржаның сауда-саттық, клирингілік немесе есептеу жүйесінде, электрондық хабарламаларда, үзінді жазбалар мен өзге де құжаттарда көретілген барлық ақпаратты бірден тексеруге; Биржаның қаржы құралдарымен жасалған мәмілелерінің (Биржа өз бетінше жүзеге асыратын есептеулер), Клиенттің өзге де тапсырмаларының орындалуы және (немесе) оны қамтамасыз етуге бақылау жасау (жарияланған баға белгілеу) дұрыстығын тексеруге міндетті.

Егер Клиент қандай да бір дәлсіздіктерді, дұрыс емес және (немесе) толық емес орындалуын, санкцияланбаған операциялардың болуын анықтаса, онда Клиент ол туралы көп ұзамай Биржаға ауызша немесе жазбаша хабарлауы тиіс;
- 4) Биржаға Қазақстан Республикасының банктік заңдарымен қарастырылған операцияларды жүргізуге арналған лицензиясын

тоқтата тұру немесе кері қайтарып алу туралы бір жұмыс күні ішінде хабарлауға;

- 5) шот ашылған кезде ұсынылған құжаттардағы өзгертулер туралы он жұмыс күні ішінде Биржаға хабарлауға;
- 6) шотқа қателесіп аударылған ақшаны қайтаруға кедергі жасамау және оған ықпал ету, сондай-ақ шотқа ақша аударуда қателескен жағдайда ол туралы көп кешікпей, Биржаға хабарлауға;
- 7) Биржаның ішкі құжаттарымен қарастырылған тәртіппен және шарттармен, Биржаға банктік қызметін және де өзге төлемдерді төлеуге;
- 8) Биржаның ішкі құжаттарына сәйкес, клиенттердің және Биржа органдарының қызметіне қатысты шешімдерін тануға міндетті;
- 9) Биржаның ішкі құжаттарына сәйкес өзінің міндеттемелерін орындамаған жағдайда, тұрақсыздық айыппұлын төлеу, оның ішінде, бірақ, комиссиялық алыммен (уақтылы емес немесе толық емес төлем) шектелмеу; жасалған мәмілелер бойынша мерзімін бұзғаны үшін, қамтамасыз етуді және басқаны есепке алғаны үшін (толық және жартылай) міндеттемелерін орындамағаны үшін және т.б. тұрақсыздық айыппұлы көлемі мен тәртібі Биржаның ішкі құжаттарымен анықталады.

2. Биржа:

- 1) Клиент қажетті және при жеткілікті құжаттарды шот ашу үшін ұсынған кезде және шот ашудан бас тартуда негіз болмаған жағдайда, Клиентке оның өтінішіне сәйкес шот ашуға;
- 2) Қазақстан Республикасының заңдарына, Ережелер мен Келісім-шартқа сәйкес Клиенттің шоттары бойынша банктің жекелеген операциялық түрлерін жүзеге асыруға;
- 3) Биржаның (электрондық) мәліметтерін (құжаттарын) тиісті жағдайда есепке алу және өткізіп беру бойынша банктің банктік (автоматтандырылған) жүйесіне қолдау көрсетуге;
- 4) қажет болған жағдайда Қазақстан Республикасының заңдарымен белгіленген валюталық бақылау агентінің қызметін жүзеге асыруға;
- 5) Клиенттің атауын, ұйымдастыру-құқықтық формасын өзгерткен жағдайда, электрондық кілті бұзылған жағдайда, Клиентке жаңа кілт алу үшін бес жұмыс күнін ұсынуға;
- 6) Клиентті Ережеге енгізілген барлық өзгерістер туралы Қазақстан Республикасының заңдарымен белгіленген мерзімде хабардар етуге міндетті.

Клиентке Биржаның тоқсан сайынғы қаржылық есептілігімен танысу мүмкіндігімен қамтамасыз етуге міндетті, соның негізінде Клиент Биржаның қаржылық жағдайына бақылау жасау және қауіпті азайту мақсатында талдау жасайды;

- 7) ұйымдастыру-құқықтық формасы, банктік, почта деректемелері, Биржаның атауы өзгерген жағдайда ол туралы көп ұзамай (оның түзетуге келмейтін немесе түзету қиын болатын салдары болмай тұрып) Клиентті хабардар етуге;
- 8) Қазақстан Республикасының заңдарына, Ережелер мен Келісім-шартпен белгіленген жағдайлардан өзге Клиенттің шоттарында ақша болуы мен ақша қозғалысы болуы туралы ақпаратты жарияламауға;
- 9) Қазақстан Республикасының заңдарына, Ережелер мен Келісім-шарттарында қарастырылған жағдайларда шоттарды жабуға міндетті.

3. Тараптар:

- 1) Қазақстан Республикасының заңдарының талаптарын сақтауға;
- 2) Клиенттің шоттары бойынша жүргізілген тексерулерді (операцияларды) жүзеге асыру нәтижесінде анықталған, сондай-ақ шоттар бойынша қалдығын тексеруде қателіктер (айырмашылықтар) табылған жағдайда, қателіктерді (айырмашылықтар) анықтаған Тарап қателіктер (айырмашылықтар) табылған күннен бастап, бір жұмыс күні ішінде екінші Тарапқа осы қателіктерді бірлесіп анықтау және кемшіліктерді жою мақсатында жүгінуге міндетті;
- 3) уәкілетті органнан тиісті хабарлама алғаннан кейін келесі жұмыс күнінен кешіктірмей, бір-біріне операцияның тоқтатыла тұрғаны, лицензияларының күші жойылғандығы туралы, олардың болуы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес болуы осы Келісіммен реттелетін қатынастарды орнату үшін міндетті екендігі туралы хабарлауға;
- 4) Қазақстан Республикасының заңнамасына және Биржаның ішкі құжаттарында қарастырылған бір-бірінің алдындағы өзге де міндеттемелерді орындауға міндетті.

5 - бап.

Ақша төлемі мен аударым кезінде ақпарат алмасу тәртібі

1. Клиент пен Биржа арасында ақша төлемдері және (немесе) аударымдары туралы ақпараттар және құжат алмасу әдістері, төлем құжаттарын беру тәртібі Қазақстан Республикасының заңнамасымен және Биржаның ішкі құжаттарымен белгіленеді.

6- бап.

Жауапкершілік

1. Қазақстан Республикасының заңдарына, Ережелер мен Келісім-шарттарына сәйкес Тараптар Келісім-шарт бойынша міндеттемелерін бұзғаны немесе тиісті деңгейде орындамағаны үшін жауап береді.
2. Егер Клиенттің төлем тапсырмасында көрсетілген төлем сомасынан, шот бойынша азаймайтын қалдық ақша көлемінен азайтқандағы ақша сомасынан (болған жағдайда) асатын болса, Биржа Клиенттің шоты бойынша өкімі орындалмағаны үшін жауап бермейді.
3. Тараптар Келісім-шарт бойынша нарқты шығын көлемінде міндеттемелерді орындамағандықтан немесе тиісті түрде орындамағандықтан бір-біріне шығын келтірген жағдайда, Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес өзара жауап береді.
4. Тараптардың міндеттемелерді орындамағандықтан немесе тиісті түрде орындамағандықтан төленген тұрақсыздық көлемі Биржаның Ережелерімен және (немесе) өзге де ішкі құжаттарымен анықталады.
5. Биржа немесе Клиент банктік операцияларды жүзеге асыру нәтижесінде немесе жүзеге асыру барысына жауап бермейтін жағдайлар Ережелермен анықталды.

7 - бап. Форс-мажор жағдайлар

1. Тараптар, Қазақстан Республикасының заңдарына және Биржаның ішкі құжаттарының анықтамаларына сәйкес, форс-мажорлық жағдай туындау себебінен болған Келісім-шарт бойынша өзінің міндеттемелерін орындамағаны және (немесе) толық орындамағаны үшін бір-бірінің алдында жауапкершіліктен босатылады.
2. Форс-мажорлық жағдай туындаған жағдайлардың тізбесі мен сипаттамасы, сондай-ақ ол туындаған жағдайдағы әрекет Ережемен анықталды.
3. Тараптар бір-бірін форс-мажор жағдайлары туындағаны туралы тараптардың біріне міндеттемелерін орындауға әсер ететін кедергілер мен оның салдары турады белгілі болған соң, оын хабарлау мүмкін болған кезде хабарлауға міндеттеме алады.
Келісім-шарт бойынша міндеттемелерді орындау ондай жағдайларда тоқтатылады. Форс-мажор жағдайлары туындау фактілері келесі тиісті құжаттармен расталуы тиіс.
4. Форс-мажор жағдайларының әрекетін тоқтатқан жағдайда Тараптар келісім-шарт бойынша алған міндеттемелерді тиісті түрде орындау үшін барлық қажетті шараларды қабылдайды.
5. Егер форс-мажор жағдайлары үш айдан астам ұзарса, онда Тараптар өзара Келісім бойынша Келісім-шартты бұзуға құқылы.

8 - бап. Дауларды шешу тәртібі

1. Келісім-шарттың шарттарын орындау барысында Тараптар оларды соттан тыс тәртіппен реттеу үшін бір-бірінің мүддесін ескере отырып, барлық шараларды қолдануға міндеттеме алады.
2. Тараптардың даулары мен келіспеушіліктерін реттеу Ережемен бекітілген тәртіппен және Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жүзеге асырылады.

9 - бап. Келісім-шарттың жарамдылық мерзімі

1. Биржаға Клиент ұсынған шот ашу туралы хабарламасында көрсетілген күннен бастап, күшіне енеді және өзінің іс-әрекетін Қазақстан Республикасының заңдарында, Ережелерде және Келісім-шартта қарастырылған жағдайда тоқтатады.
2. Келісім-шарт Тараптардың келісімі бойынша Келісім-шартты бұзу туралы келісімге қол қойған сәтте өзара наразылығы жоқ болған жағдайда, , сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңдарында, Ережелерде және Келісім-шартта белгіленген жағдайларда бұзылуы мүмкін.
3. Тараптардың әрқайсысы Келісім-шартты бір жақты тәртіппен, ол туралы екінші Тарапты бұзуды болжаған отыз жұмыс күніне дейін жазбаша хабарлай отырып және Қазақстан Республикасының заңдары мен Ережелерінде белгіленген шарттарын сақтауын ескере отырып, бұзуға құқылы.
4. Келісім-шарт бұзылған жағдайда және Шоттарында ақша қалдығы болған жағдайда Клиент Келісім-шартты бұзғанға дейін Биржаға Клиенттің басқа банктердегі немесе банктік емес ұйымдарда банктік шоттарына ақша аударуға нұсқаулығын ұсынуы тиіс.
5. Келісім-шартты тоқтату Тараптарды Келісім-шарттың шарттарына сәйкес туындаған міндеттемелерін оның жарамдылық мерзімін тоқтатқанға дейін орындаудан босатпайды.

6. Биржаның Клиенті Биржаның ішкі құжаттарында қарастырылған жағдайлардан өзге жағдайда, Келісім-шарт бойынша үшінші тұлғаға өзінің құқықтары мен (немесе) міндеттемелерін берге (өткізіп беруге) құқығы жоқ.

10 - бап. Қорытынды жағдайлар

1. Осымен Қазақстан Республикасының заң талаптарына және Биржаның ішкі құжаттарына сәйкес, банктік, коммерциялық құпия ақпараттар және өзге де қорғалатын ақпараттарды (әрі қарай – Құпия ақпарат) Биржаның ашуына Клиент осы арқылы өзінің талаптарына сәйкес қайтарымсыз және сөзсіз келісін береді.
2. Биржаның Клиенті осы келісіммен келісуге байланысты, Клиенттің Биржаға қатысты талаптары, Шарт жасасқан кезде де, келешекте де болмайтындығын растайды және кепілдік береді және Биржа Клиенттің алдында Қазақстан Республикасының заңнамасы мен құпия ақпарат биржасының ішкі құжаттарының талаптарына сәйкес ақпараттық жария еткені үшін жауап бермейді.
3. Келісім-шарт Қазақстан Республикасының заңнамасына және Биржаның ішкі құжаттарына сәйкес жасалған және банктік операцияларды жүргізу шарттары мен тәртібін реттейтін, Биржаның қолданыстағы ішкі құжаттарына қосылу туралы Келісім-шарт болып табылады.
4. Биржа клиенті осы арқылы Биржаның барлық ішкі құжаттарымен таныс екенін, Биржаның барлық ережелерінің, шарттарының және ішкі құжаттарының мағынасын түсінетіндігін, сондай-ақ Биржаның барлық ішкі құжаттарымен және олардың ережелерімен, шарттарымен және талаптарымен сөзсіз келісетіндігін растайды.
5. Тараптардың біреуі немесе екеуі де қайта ұйымдастырылған жағдайда, Шарт талаптары өзінің заңды күшін жоғалтпайды және құқықтық мирасқорларға беріледі.

11 - бап. Тараптардың заңды мекен-жайы және өзге деректемелері

1. Биржаның заңды мекен-жайы және деректемелері Биржаның интернет-сайтында жарияланады.
2. Биржаға қажетті Клиенттің заңды мекен-жайлары мен өзге деректемелерін Клиент Келісім-шарт жасасу туралы өтініш беру кезінде және оларды өзгерту туралы келесі жағдайда ұсынады.

11 - бап. Тараптардың заңды мекен-жайы және өзге деректемелері

1. Биржаның заңды мекен-жайы және деректемелері Биржаның интернет-сайтында жарияланады.
2. Биржаға қажетті Клиенттің заңды мекен-жайлары мен өзге деректемелерін Клиент Келісім-шарт жасасу туралы өтініш беру кезінде және оларды өзгерту туралы келесі жағдайда ұсынады.
3. Клиенттің және Биржаның бизнес-сәйкестендіру номерлері, сондай-ақ Клиенттің жеке сәйкестендіру коды Клиентке жіберілген және Келісім-шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын, банктік корреспонденттік шотты ашу туралы хабарламада көрсетіледі.

Банктік операцияларды
өткізу Ережелеріне
5 қосымша

Операцияларды жүргізу бойынша
_____ көрсету: аударым немесе айырбастау
қызмет көрсету бойынша келісім-шартқа қосылу туралы

ӨТІНІШ

Осымен [Клиенттің және оның ұйымдастыру-құқықтық формасы] операцияларды
_____ указать: переводных или обменных

жүргізу бойынша қызмет көрсету туралы келісім-шартына (әрі қарай – Келісім-шарт) біріктіріледі және төмендегіні хабарлаймыз:

- 1) бұл мәлімдеме - бұл қосылу келісімі және Келісім-шарт талаптары бойынша банктік операцияларды жүргізу ережелеріне қосымша болып табылатын Келісім-шарт жасасу туралы келісім;
- 2) Келісім-шарттың мазмұнымен, Биржаның банктік операциялар жүргізу Келісім-шарты, Ережелерімен таныстырылды;
- 3) Биржаның банктік операциялар жүргізу Келісім-шарты, Ережелерімен белгіленген барлық шарттар мен талаптарды орындауға сөзсіз келісеміз және міндеттеме аламыз.

[Биржаға мүшелікке үміткердің толық атауы]:

[лауазымы]

[қолы]

[аты, жөні, тегі]